Алайда бұдан арғы орын алған уақыт көрсеткеніндей, Алаш жетекшілерінің Қазақстанның Ресей Федерациясы құрамындағы толыққанды автономиясы, оған тиісті территориясы туралы талаптарына жауап берілмей, іс-қимыл тоқтап қалған еді.

Лениндік кеңес өкіметі тарапынан алаштықтардың ұсыныстарына деген осы уақыттағы жауаптарының болмауының себептері болғандығы айғақ. Оның бастысы да Алаш жетекшілерінің Қазақстанға неғұрлым толық автономия беру, осы арқылы еркіндіктерінің барынша арттырылуы тұрғысындағы талаптары большевиктерді ойландырған болар. Сонымен қатар Қазақстанның территориясын айқындаудағы Алаш жетекшілерінің батыл ұсыныстарына бірден келісім берудің күрделілігі де өзара келіссөздің тоқтап қалуына әсер етті деп есептеуге болады. Осының қатарындағы алаштықтар ұсынған территориялардың көпшілігіндегі басқа ұлт өкілдерінің басым орналасуы да олардың бұл талаптарының іске асуына мүмкіндік бермеген сияқты.

Міне, осыдан кейін іле-шала басталған Ресейдегі азамат соғысы Алаштықтар мен Кеңес өкіметін майданның карама-қарсы жағына шығарды. Аталған мерзімнен Алаштықтар өздері мақсат еткен жаңарған Ресей құрамындағы Қазақ автономиясын қамтамасыз етуде тағы да басқа жолдарды іздестіруге мәжбүр болды. Солардың ішінде большевиктік билікке қарсы соғыста жеңіске жете бастаған күштерге қосылып, оларға өз жоспарларын жариялауға шешім қабылданды. Алайда мақсаттарына жете алмады. Кеңестік мемлекетке қарсы күресіп жатқан күштердің барлығы Алаш автономиясын негіздеуге үзілді-кесілді қарсы шықты. Осы тұрғыдағы «1918 жылдың 4 қарашасындағы «Сібір өкіметінің» Қазақ автономиясы туралы ресми

мәлімдемесі жағдайды мүлдем өзгертіп жіберді. Адмирал Колчак өз қатынасында ұлтшылдарға деген талапты одан ары қаталдандыра түсті, ...» – [5.30] деген мағлұмат айтылғандарға әлел болып табылады.

«Қырғыз болыстықтарында өздерінің Алашордалық кеңестері құрылғандықтан земстволық болыстық басқармаларға деген жағымсыз қатынас қалыптасқан. Аталған кеңес тарапынан қырғыздарды орыстарға қарсы қарулы күреске шақыратын үндеулер таратылған. Кеңестің төрағасы және бірнеше мүшелері тұтқынға алынды, осыдан кейін ғана қырғыздар Сібір өкіметін таныды.

Қазіргі күні Алаш-Орда кеңесі жоқ, болыстық атқару комитеттері жұмыс істейді», [6] – деген келесі дерек те Колчак өкіметінің ресейлік империялық билік пен отарланған территорияларды сақтап қалудағы мақсатын толығымен паш етеді.

Ал, бұған керісінше 1919 жылдың басынан Қызыл Армия бөлімдері барлық майдандарда табысқа ие бола бастады. Осы мерзімнен Алаш қозғалысы басшыларының Кеңес өкіметімен арадағы келіссөздерінің екінші кезеңі бастау алады. Бұл уақыт большевиктік билік тарапынан Алаш партиясы мүшелеріне азамат соғысы кезіндегі қызметтеріне қарамастан толық кешірім жасалынып, олардың барлығына жуығы Қазақстандағы кеңестік, т.б. жұмыстарға тартыла бастауларымен ерекшеленеді. Осы мерзімде халқының Кеңестік Ресей Федерациясы құрамындағы болашағын айқындауда алаштықтармен бірге ұлтымыздың большевиктік бағыттағы саяси қайраткерлері бірлесе қызмет атқарды.

Осы кезеңнен бастап Кеңес өкіметі лениндік ұлт саясатын іске асыруды қолға алды.

Ресей империясының құрамындағы қаналған халықтардың теңдігін әперу, бостандығын қамтамасыз ету лениндік ұлт саясатының жұмысшы-шаруа өкіметі орнағанға дейінгі бағдарламасы ретінде қабылданды.

(Жеңген социализм жағдайындағы, – Ғ.Қ.) «Лениннің ұлт мәселесіне... арналған ойлары РКП(б)-ның YIII съезінде қабылданған партияның екінші бағдарламасында бірауыздан қабылданды» [7.185].

Пролетариат диктатурасының бүкіл Ресей аймағында салтанат құруында осы лениндік қағиданың орындалуына деген қаналған халықтардың үміті болғандығы түсінікті.

Негізінен алғанда «Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және соғыс жылдарында В.И. Ленин ұлт мәселесімен тереңдеп

айналысты, оның теориясы мен бағдарламасын жасады. Ұлт мәселесі жөніндегі теорияны байытты. «Ұлт мәселесі жөніндегі сын-заметкалар» (1913 ж.), «Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы туралы» (1914 ж.) кітаптары мен көптеген мақалаларын жазды» [8.12]. Мысалы, оның «Біздің бағдарламадағы ұлт мәселесі», «Ұлт мәселесіне байланысты сын-пікірлер», «Ұлттардың бөлек шыққанға дейінгі құқықтары туралы», «Тіл мәселесіндегі либералдар мен демократтар», «Мәдени-ұлттық автономия туралы», «Ұлттардың өзара теңдігі туралы заң жобасы», «Ұлттық теңдік», «Тағыда ұлтшылдық туралы» [7.20,24,26,27], – деген шығармаларының мазмұны болашақ социалистік Ресейдегі ұлттар арасындағы теңдік жағдайындағы қатынасты нақты іске асырудың жолдарын көрсетті.

Бұл қағидасын ол Ұлы Қазан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейін одан ары жалғастырды. Атап айтқанда осы мерзімдегі Лениннің еңбектері жеңген социалистік қоғам жағдайындағы ұлттар арасындағы қатынасқа арналды. «Жалпы ол ұлт мәселесіне 100-ден аса еңбектер жазған» [8.12].

Осылардың қатарындағы «Кеңестердің Бүкілресейлік III съезінде (1918 жылғы қаңтар) қабылданған, В.И. Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясында» Коммунистік партияның кеңес республикалары мемлекеттік құрылымының нысаны ретіндегі ұстанымы көрініс тапқан. Құжатта «Кеңестік Ресей республикасы кеңестік ұлттық республикалардың федерациясы ретінде ерікті ұлттардың одағы негізінде құрылады», – делініп, болашақ мемлекеттің саяси-ұлттық негізі айқындалған болатын.

Міне осындай нақты талап тұрғысындағы көпұлтты «РКФСР-дың құрылуы жаңа ұлттық автономиялық кеңестік мемлекеттердің негізделуіне серпін берді.

...Кеңес басшылығы 1919 жылы сәуір-мамыр айларында Қазақ Кеңес автономиясын құру мақсатымен Кеңестік Қазақстанның Құрылтай съезін шақыруға қолайлы жағдай қалыптасты деп есептеді» [9.163].

Бұл істі жоспарлы да жүйелі түрде атқару үшін нақты шаралар қолға алына бастады. Осы тұрғыдағы 1919 жылдың ортасы мерзіміндегі Ленин бастаған Халкомкеңнің маңызды қызметі Кеңестік Ресей Федерациясы құрамындағы ұлттарға саяси-құқықтық негіздерін айқындайтын еркіндіктерін беруге арналған жоспарларын одан ары іске асыруға арналды. Аталғандардың қатарына «Қазақ өлкесі» мәселесі де енді.

Істің басталуына: «Ленин Халық Комиссарлар Кеңесінің мәжілісіне төрағалық етті, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйледі. ...Қырғыз өлкесін уақытша басқару ісі талқыланды. ... Мәжілісте Қырғыз өлкесін басқаруға арналған Әскери-революциялық комитеттің құрамы туралы мәселе қаралды», – [10.565-566,588] деген деректер айғақ болып табылады. Міне осындай жағдайда: «... Ресей империясының ұлттық аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін коммунистік партияның ұлттық бағдарламасына сәйкес бұрынғы отар халықтардың мемлекеттігін құру мәселесі тұрды» [9.160].

Алайда, елдегі азамат соғысының аяқталмауы Кеңестік Ресейдегі ұлт саясатын лениндік талапқа сай жүргізуге мүмкіндік бермеді. Осы уақыттағы негізгі міндет шетел мемлекеттері қаржысына дайындалып, қаруланған ақтардың шабуылдарын тоқтатып, соғысты аяқтау, бұл үшін мүмкіндігінше елдің барлық аймақтарында, соның ішінде Қазақстанда соғыс мүддесіне сай істер атқару болды.

Сол мезгілдегі тарихи оқиғаларға шолу жасайтын болсақ, болашақтағы қазақтар ісі, олардың кеңестік мемлекеттіліктегі орнын айқындаумен большевиктер өздері билікке келген күннен-ақ айналыса бастады. Мысалы, «1918 жылдың 12 мамырында Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Ұлтістхалкомының жанынан Қырғыз (Қазақ) бөлімін құру туралы қаулысы жарияланды» [11.113]. Бөлімнің құрамына неізінен қазақ ұлты өкілдері тартылды. Атап айтқанда: «Қазақ бөлімінің меңгерушісі Мұхамедияр Тұнғаншин, оның орынбасары Сейітқасым Қошымбеков болды. Бұл бөлім «... қазақ халқының өзін-өзі басқаруын дайындаудың ұйымдық-практикалық басталуы» ретінде ойластырылды» [8.85-86]. Сондықтан да бөлім өзі негізделген мерзімнен-ақ маңызды саяси міндеттерді орындауға белсенділікпен кірісті. Мысалы: «1918 жылдың 14 мамырында Далалық Қырғыз өлкесінің төтенше комиссары Ә.Жанкелдинге Қазақстан Кеңестерінің съезін дайындау мен шақыру міндеті жүктелді. Қазақстан большевиктері онда Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын жариялауға арналған съездің дайындық жұмыстарына кірісіп кетті. Алайда бұл маңызды шараны іске асыру шетел интервенциясы мен азамат соғысының басталуына орай тоқтап қалды» [11.113]. Осыған қарамастан «Азамат соғысының аса шиеленісті кезеңінде қазақ кеңестік мемлекеттігін құруға дайындық одан ары жалғастырылды. Мәскеуге Ә.Жанкелдин шақырылып, онымен В.И. Ленин әңгіме өткізді» [7.188]

Елдегі қарулы қақтығысқа ұласқан саяси оқиғалардың күрт өзгеруіне орай бұл мерзімде бөлімнің алдына Қазақ өлкесін басқару, оның шаруашылығын соғыс жағдайына бағыттауға араласу міндеті қойылды. Осы мазмұндағы ұйымдастыру жұмыстарының қатарына жергілікті тұрғындар арасындағы кеңестік саясатты насихаттау, өңірлердегі большевиктер өкіметін нығайту, қызыл әскер бөлімдеріне адамдар тарту, т.б. жұмыстар енді. Жағдайдың күрделенуіне байланысты бөлімнің жұмысы да маңыз ала түсті. Күн тәртібіне неғұрлым ауқымды, құқықтары кеңейтілген істер атқару, атап айтқанда, соғыс жағдайына орай төтенше құрылым негіздеу қойылды.

Міне сондықтан да Қазақстандағы автономияландыру қызметі алдымен әскерилендірілген құрылымдарды негіздеумен байланыстырылды. Оның негізгі мақсаты Қазақстанның халық шаруашылығын азамат соғысындағы жеңісті қамтамасыз ісіне бағындырумен айқындалды. Бөлімнің одан кейінгі мақсаты Қазақстанды Кеңестік Ресей құрамындағы автономиялық аймақ ретінде жариялауға дайындау жұмысына арналды. Олардың бастылары:

«1. Болашақтағы автономияны басқаратын ұлттық кадрларды анықтап, дайындау;

2. Жергілікті саяси қайраткерлерді, интеллигенция өкілдерін тарта отыра Қазақ автономиясының тарихи территориясын белгілеу болды. Міне осылай: «... 1919 жылы 10 шілдеде РКФСР ХКК-нің декретімен В.И. Ленин қол қойған Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет (Қазревком) құрылды. Оның алғашқы құрамына С.Пестовский (төраға), А. Байтұрсынов, В.Лукашев, Ә.Жангелдин, М.Тұнғаншин, С.Меңдешев, Б.Қаратаевтар кірді. Әр түрлі уақытта Қазревкомға Ә.Әйтиев, С.Арғыншиев, А.Авдеев, А.Әлібеков, Б.Қаралдин мүше болды.

...Оның халыққа білім беру, жұмысшы-шаруа инспекциясы, ішкі істер, қаржы, пошта және телеграф, әділет, әлеуметтік қамсыздандыру, жер бөлімдері, әскери істер жөніндегі қазақ өлкелік комиссариаты, еңбек ету міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі комитеті болды» [9.166].

Комитеттің міндеті, атқарар шұғыл шаралары, олардың ықпалдары тарайтын аймақтар туралы РКФСР Халкомкеңінің жоғарыдағы аталған декретінде төмендегідей тұрғыда баяндалды:

«1. Таяу арада іске асырылуға тиісті Бүкіл қырғыздық съезд шақырылғанға және Қырғыз өлкесіне автономия жарияланға дейін

аталған өлкені басқару үшін оған жоғары әскери-азаматтық билік шоғырландырылған Революциялық Комитет құрылады.

...

3. Қырғыз өлкесінің территориясы анықталғанға дейін Түркістан республикасы, Қырғыз съезі және Орталық Кеңес үкіметінің келісімімен Революциялық Комитет қарамағына Астрахань губерниясы мен Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарының қырғыз территориялары енеді.

...

8. Тұрғындары орыстардан және қырғыздардан тұратын уездерде Уездік Кеңестер және олардың Атқару Комитеттері екі бөлімге бөлініп: Кеңестің немесе атқару комитетінің төрағасы төрағалық етеді. Тікелей орыс тұрғындарына тиісті істер орыс бөлімі арқылы шешіледі. Қырғыздар мен орыстар және басқа ұлттарға ортақ істер екі бөлімнің бірлескен мәжілістері арқылы шешіледі.

9. ... Қырғыздар орналасқан жер территориялары, сонымен қатар осы мерзімге дейін қоныстанушылар орналастырылмаған, алайда нақтылығында қырғыздар пайдалануындағы жерлер қырғыздардың иелігінде қалдырылады және қырғыз халқының дәстүрлері мен тұрмыстарына сай Кеңестердің ауылдық, болыстық съездері, осылармен бірге атқару комитеттерінің қырғыз уездік бөлімдері арқылы реттеледі.

...

15. ...Қырғыздар арасындағы істер дәстүрлі құқық негіздеріне сай халық соттары арқылы шешіледі» [12].

Міне осылай: «... Қазақ революциялық комитетінің басты қызметі азамат соғысын тезірек аяқтауға, Алаш қозғалысына қатысушыларға рақымшылық жасау ісін әзірлеу мен жариялауға және ең бастысы, патша үкіметі бөлшектеп тастаған байырғы қазақ жерін біріктіру негізінде Қазақ Кеңестік социалистік республикасын құру мақсатымен Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезін шақыруға арналды.

Қазақ революциялық комитеті Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезін шақырудың, болашақ республиканың шекараларын анықтаудың барлық дайындық жұмыстарын жүргізді. Бұл күрделі міндеттерді жүзеге асыруда Қазревкомның жанында ұйымдастырылып, Ахмет Байтұрсынов басшылық еткен Қазақ республикасының шекараларын анықтау жөніндегі комиссия үлкен рөл атқарды» [9.167].

Алғаш рет ресми тұрғыдағы қолға алынып отырған бұл істің

орындалуы үшін В.И. Ленин бастаған Орталық Кеңес өкіметі қазақтардың тарихын, т.б. жақсы білетін ұлттық интеллигенция өкілдерін, соның ішінде Алаш жетекшілеріне назар аударды. Олардың ұсыныстарының барлығы есепке алынғандығы тарихи деректерден айғақ. Егер де өткенге көз салатын болсақ: «Қазақстанның аумақтық тұтастығын алғаш рет күн тәртібіне қойып, сол жолда күрес бастаған «Алаш» партиясының қайраткерлері мен Алашорда үкіметі болатын.

...Қазақ жерлерінің аумақтық тұтастығын қалпына келтіруге тұңғыш рет 1917-1918 жылдары Алашорда үкіметі талпыныс жасады. Алаш қайраткерлері ең алдымен Қазақстанның аумақтық тұтастығын тарихи-этнографиялық тұрғыдан түгендеп берді және оны бір тудың астына біріктіруге нақты қадамдар жасады. Бірақ Алашорда үкіметінің тарих сахнасынан кетуіне байланысты оның жоспарлары орындалмай қалды» [8.4].

Жоғарыдағы аталған Декреттің шешіміне орай Қазақ революциялық комитетіне қарасты «... қазақ жерлері түгел қамтылмағанымен оның көпшілік аумағы қарастырылған, соның ішінде Астрахан губерниясындағы қазақ аумақтарының Қазревкомға қарауына берілуінің маңызы үлкен болды. Өкінішке орай Астрахан губерниясындағы қазақ аумақтары Қазақстан құрамына толығымен өте алмай қалды. Басында дұрыс қойылған мәселе соңына қарай түбегейлі шешімін таба алмады.

Қазревком өз тұрғысында қазақ жерлерін қайтарып алу барысында біршама әрекеттер жасады. Соның ішінде Қазревкомның шешуші табыстарының бірі Қостанай уезін Ресей Федерациясының Челябинск губерниясының құрамынан бөліп алып, Қазақстан құрамында сақтап қалуға қол жеткізуі.

Сондай-ақ Орал облысының да тағдыры қыл үстінде тұрды. Әсіресе солшыл, ұлтшылдыққа ұрынған Орал облысының большевиктік басшылығы осы облысты Қазақстаннан бөліп алып, РКФСР құрамына қосып жіберу үшін әрекет жасады. Қазақ жерлерінің тұтастығына қарсы жасалған бұл әрекет те сәтсіз аяқталды. Жергілікті шовинист большевиктердің осындай жоспарын Мәскеудің өзі де қолдамады.

...1920 жылы Қазревком мен Орынбор губисполкомы Орынбор және Торғай губернияларын біріктіру туралы қаулы қабылдап, оның Қазақ АКСР-сы құрамына кіретіндігін мақұлдады» [8.5].

Міне осылай 1920 жылдың басына дейін лениндік Орталық өкіметтен қолдау тауып отырған Қазревком өзіне міндеттелген Кеңестік

Ресей құрамындағы Қазақ автономиялық құрылымының мемлекеттік нышандарын, заңды территориясын айқындауда нақты қадамдар жасады. Алайда бұл істің оңайлықпен келмегендігі сол мерзімдегі орын алған қарама-қайшылықты тарихи деректерден белгілі.

1920 жылдан бастап азамат соғысындағы большевиктік Ресейдің соңғы шешуші жеңістері лениндік ұлт саясатын іс жүзіне асыру жолындағы қызметінің жүйелі түрде бастауына қолайлы жағдай жасады.

Осы уақыттан Кеңес өкіметі тарапынан жүздеген жылдар, тіпті одан да көп мерзім бойы Ресей империясының отарында болып келген халықтардың тарихи территорияларын белгілеуде жүйелі жұмыстар атқарыла бастады. Көрсетілген мерзімде қазақтардың да заңды қоныстарын белгілеу бағытындағы қызмет бастау алды. Алайда патша әкімшілігінің қоныстандыру саясатының негізінде ұлттық ерекшелігі жойылып, байырғы тұрғындары азшылыққа айналған, жер, су, елді-мекендер атаулары өзгертілген қазақ ұлты үшін бұл істі шешу аса қиындыққа түсті.

Аталған кезеңдегі Қазревкомның негізгі қызметі де осы маңызды мәселені жүзеге асыруға бағытталды. Оның мүшелері өздерінің бүкіл ұйымдастырушылық істерін Қазақстанның тарихи территориясын дәлелдеуге, оны орталық өкімет алдында ұсынуға арнады. «... бұл аса қиын да күрделі проблеманы шешу үстінде Алашорданың бұрынғы қайраткерлері мен Кеңес өкіметінің белсенді жақтаушылары да (А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Б.Қаралдин және басқалар – бір жақ, С.Меңдешов, С.Сейфуллин, Ә.Жанкелдин тағы басқалар – екінші жақ) өздерінің идеялық және саяси келіспеушіліктерін ұлт мүддесі үшін ысырып қойып, бар жан-тәндерімен жұмыс істеді» [9.170].

Осындай маңызды мәселелерді заңдылыққа айналдыру Кеңестердің бүкілқазақстандық съезіне жүктелді. «1920 жылдың 4 нен 12 қазан аралығында Орынборда Қазақстан Кеңестерінің құрылтай съезі өткізілді.

...Үлкен қолдау арқылы ол БОАК пен Халкомкеңнің Декретін мақұлдап, Қазақ автономиялы Кеңес Социалистік республикасын жариялады» [7.212].

Құрылтай съезі өзінің күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша (жер мәселесі, экономикалық құрылыс туралы, әкімшілік мәселесі, әділет, әлеуметтік қамсыздандыру, қаржы, халыққа білім беру, денсаулық сақтау және басқалар бойынша) бірқатар шешімдер қабылдады.

Съезд құжаттарында жер туралы саясатқа қатысты қазақ кедейлері мен шаруалардың (қоныс аударушы. – К.Н.) мүддесін қамтамасыз ету мәселесі «әсіресе Қырғыз (қазақ) еңбекшілерінің қалың бұқарасын – патша үкіметі мен Ресей буржуазиясының тонағандары» атап көрсетілді. Жерге қоныстандыру мәселесінде «патша үкіметі отарлау саясатының қалдықтарын және ол тудырған әділетсіздік атаулының бәрін жою» шаралары қарастырылды» [9.170].

Бұл уақыттан 1920 жылғы тамыздағы Қазақ АКСР-н жариялағанға дейін оның заңды территориясын қалпына келтіруге арналған күрделі де табанды жұмыстар бастау алды. Себебі Қазақ автономиялы мемлекеттілігінің қалыптасуы кезінде Ресей империясы кезінде жаппай орыстандырылған территориялардан айырылып қалудан қауіптенген аймақтардың кеңестік басшылары, орыс қоғамының көптеген өкілдері барынша қарсылық көрсетіп, қазақтардың бұл тарихи жерлерін қайтарып бермеуге барын салды.

Міне осылай «Қазақ республикасының тарихи шекарасын анықтауда және оны қорғап қалуда нағыз қайнаған күрес жүрді. Шекара үшін күрес Сібір ревкомымен, Астрахан губерниясы, Челябинск губерниясы өкілдерімен болды. Әсіресе шовинистік пиғылдағы Қазақстанның өз ішіндегі орыс ұлт өкілдері басым аудандар мен қалаларда шекара мәселесінде және олардың әкімшілік жағынан қайда бағынуы туралы мәселеде қатты күрестер мен пікірталастар жүрді. Бұл даулар мен таластардың қазақ халқының және оның аумағының тағдырына шешуші қатысы болды» [8.88-89].

Аталғандардың ішінде «Қазақстанның батыс өңірінде орналасқан Орал облысы басшылары республика аймағының тұтастығына нұқсан келтіріп, Орал облысын қалайда Ресей қарамағына беруге әрекет жасады. Орал облысы 1920 жылғы наурыз айында Орал губерниясы болып өзгертілді. Орал облысын Қазақстаннан бөліп әкету ісінің басында басқа емес, Орал ревкомы, Орал губерниясы басшылары тұрды. РКФСР Халкомкеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі Қазревкомды құру туралы декретінде Орал облысының Қазақ өлкесіне кіретіндігі және Қазревкомға бағынышты болатын облыстардың ішінде тайға таңба басқандай бірінші болып жазылғанына қарамай облыс басшылары өздерінің бұрыс әрекетін жалғастыра берді. Бұл туралы Қазревком 1919 жылғы 8 желтоқсанда РКФСР Ұлт істері жөніндегі халкоматына Орал облыстық ревкомы өзін өлкелік ревком қарауына кіретінін мойындағысы келмейді деген шағымданған жеделхат жіберді.

Бірақ Орал облревкомы өзінің сепаратистік әрекетін жалғастыра түсті. Шовинистік пиғылдағы Орал ревкомы басшылары Мәскеуден көмек сұрап, өздерін қалайда Қазревком қарауынан шығарып, бұрынғы жағдайда қалдыруды сұрады.

1920 жылғы мамырда Орал губерниялық II партия конференциясы Орал губерниясын Қазақ өлкесі құрамынан шыққандығы және оның Мәскеуге тікелей бағынатындығы туралы шешім қабылдап, оны орталыққа бекітуге ұсынды. Осылай Орал облысын Қазақстан аумағына беру мәселесі шовинистік көзқарастағы басшылардың әрекетінен қатты шиеленісіп кетті.

Бірақ Мәскеу Орал облысы басшыларының мұндай шовинистік және арандатушылық ұсынысын қабылдамай тастады, керісінше Қазревкомды қолдады. Оралдағы жағдай 1920 жылғы 14 мамырда РК(б)П Қазақ облыстық бөрсінде талқыланды. Қазоблбюроның №5 хаттамасымен мынадай қаулы қабылданды: «Орал облысына Мюрат аттандырылсын, оған Орал облысын Өлкелік ревкомға толық бағындыру, жергілікті жердегі Почиталов, Кривошейн, Касабулатов, Қаратаев, Самсонов, Васильев, тағы да басқалар кіретін губерниялық ревкомды қайта тағайындау жүктелсін.

Оған жергілікті қызметкерлерді Оралға мобилизациялау және олардың бір бөлігін өлкелік қызметке тарту тапсырылсын».

1920 жылғы 16 мамырда Қазревком Оралгубревкомына И.Сталин төрағалық етуімен жұмыс істеген «Қазақ комиссиясы» Орал облысының Қазревкомға бағынуы тиіс екендігін айтқандығын, осыған орай қажетті қорытындылар шығару керектігін хабарлады.

Себебі аталған комиссияның жұмысының қорытындысында «Қазревком мен Қазобкомның бюросы қалыптасқан жағдай туралы мәлімдегенде «Қазақ істері жөніндегі комиссияның» төрағасы И.В. Сталин: «Орал губерниясы Қазақстанның құрамында қалуы керек» деп қысқа жауап берді» [1.42]. Осы жағдай Орталық Кеңес өкіметінің бұл мерзімде әрқашан қазақ саяси жетекшілерінің мүдделеріне түсіністікпен қарағандығына дәлел болып табылады.

Алайда одан ары нақты құқықтық шешім арқылы айқындалмаған «...Орал мәселесіне нақты нүктені БОАК және РКФСР Халкомке-несінің 1920 жылғы 26 тамыздағы «Қазақ Кеңестік Социалистік автономиялы Республикасын құру туралы» декреті қойды. Декретте Орал облысының толығымен Қазақ АКСР-ы құрамына кіретіні көрсетілді. ...Орал облысы жөнінде Мәскеудің, РКФСР Ұлт істері жөніндегі халкоматының бағыты нақты және шешуші болды» [8.92].

Қазақтардың келесі тарихи ата-жұрты «Қостанай уезінің Ресейдің Челябинск губерниясының қарамағында қалып қою қаупі туды. Қостанай уезі БОАК-тің 1919 жылғы 27 тамыздағы «Сібір революциялық комитетін құру туралы» декретіне сәйкес Челябинск губерниясына қосылып кетті. Қостанай уезі бұған дейін Торғай облысы құрамында болып келген еді.

Қостанай уезінің партия ұйымдары Челябинск губпарткомына бағынды. Қазревком құрылған соң Қостанай уездік атқару комитеті екі секцияға-қазақ және орыс секцияларына бөлінді.

... Челябинск губерниялық органдары табиғаты тамаша, шөбі шүйгін егін шаруашылығына да, мал шаруашылығына да ыңғайлы Қостанай уезін қолдан шығармау үшін барынша әрекет етіп бақты. Олардың ойынша уезде халықтың көпшілігі немесе 53 проценті орыстар, сондықтан ол Ресейге қарауы тиіс деп дәлелдеуге тырысты. Олар бұл орыстардың түгелдей патшалық Ресейдің отаршылық саясатына байланысты қоныс аударып келгенін есіне алғысы да келмей, Қостанай уезін орыстардың тарихи отаны деу тұрғысынан мәселе қойды.

Қазревкомның Қостанай уезі жөніндегі бағытын Қазревком мүшесі Ахмет Байтұрсынов негіздеп берді. ...Бірақ челябиндіктер Қостанай уезін оңай бере салғысы келмеді.

...Қостанай уезі жөніндегі Қазревкомның табанды бағыты өз нәтижесін беріп, уезд 1920 жылғы 26 тамызда Қазақ АКСР-ын құру туралы РКФСР БОАК пен Халкомкеңесінің декреті бойынша түпкілікті түрде Қазақстан құрамына кірді. Осылайша Қазақстанның табиғи жағынан аса құнарлы бөліктерінің бірі Қостанай уезі еліміздің құрамында сақталып қалды. Уезд жөнінде Қазревком тарапынан табанды күрес болмаса, оның Ресейдің құрамында қалып кету қаупі үлкен еді» [8.93,96].

Бұлармен қатар «Қазақстанның үлкен аймағы Семей және Ақмола облыстарының республикаға бірігуі ауыр да қиын, ұзаққа созылып барып талас-тартыспен шешілген мәселе болды. Қазақ АКСР-ы құрылғанға дейін олар Омбыда орналасқан Сібір ревкомына бағынып келді. Бұлай ету патшалық Ресей кезіндегі бұл екі облыстың әкімшілік жағынан Омбы генерал-губернаторлығына бағынап келгендігінен еді. Қазревкомның бұл екі облысқа ешқандай құзыреті жүрмеді. Сібревком өкілдері Ақмола, Семей облыстарын Қазақстанға бермеудің амалдарының бәрін де жасады»[9.96]. Оны 1920 жыл 16 қараша РКП(б) Орталық Комитеті Сібір Бюросы мүшесі

В.Яковлевтің РКП Қырғыз Бюросына жазған ресми жауабындағы: «СібБюро сіздердің өкілдеріңіз Кулаков жолдастың Кеңестердің Бүкілқырғыздық Съезінің және Қырғыз Орталық Атқару Комитетінің қаулысы туралы баяндамасын тыңдады және Ақмола мен Семей облыстарын басқарудың уақытша ережесін талқылады. Біз Съез бен ҚОАК бұл екі облысты берудің мерзімі және Ережесі РКП Орталық Комитеті көкарасына негізделген Мәскеу кеңесінің ұстанымына қайшы келеді деген шешімге қосыламыз. Біз ешқандай жағдайда да облыстық деңгейдегі шешіммен облыстарды беруді кешіктіргіміз келмейді. Біз тек іскерлік жағдайын ғана ескереміз және сонымен бірге бүкіл Орталық Ресей үшін Сібірдің азық-түлік мәселесін жолға қоюдағы бұл екі облысқа түсер жауапкершілікті сезінеміз. Оларды берудің асығыстығы бүкіл кеңестік аппараттың қызметін бұзылуына әкеліп соғады және ҚКСР-дағы басқару аппаратының қалыптаспағандығы оны тоқтата тұруды қажет етеді.

...Сондықтан да өткізу мәселесіндегі орынсыз асығыстық барлығымыз бірдей жауапты бұл жұмыстың (азық-түлік дайындау, – Ғ.Қ.) орындалмауына әсер етеді.

Осылардан барып біз өткізуді тоқтата тұруды және аталған облыстардың әзірге ҚКСР Орталық аппаратының оларды өз құрамына қабылдауға толығымен дайын болғанына дейін қала тұруын жақтаймыз. ...Бұл мәселедегі барлық даулы істер орталық органның шешімі арқылы іске асырылуы керек деп есептейміз» [13] – деген сөздер дәлелдей түседі.

Семей облысы туралы мәселе екі жақтың арасындағы шешуі қиын іске айналды. Атап айтқанда: «Қосымша БК(б)П Сіббюросына жетекшілік ету тапсырылған Сібревкомының басшылығына келген Смирновқа кең билік ету тапсырылды. 1920 жылдың қаңтарында Павлодар уезінің басшылары Семей губерниясы құрамынан шығып, Омбыға тікелей бағынатындығы жөнінде ресми ұсыныс жіберді. И.Смирнов бірден аталған ұсынысты қолдады, тек Кырревкомының қарсылығына орай Павлодар уезі түгел емес, оның солтүстік бөлегін ғана қосу туралы жарлық берді. Алайда мүдделі ведомствалар арасында алауыздық пайда болып, дау одан ары жалғасты. Аймақ жерін Сібревкомның берілуіне наразы қазақ интеллигенциясы репрессияға ұшыратылды. Қазақ интеллигенциясының пікіріне қарамастан 1920 жылдың 4 наурызында «Сібірді аудандау» туралы қаулы шығарылды. Қаулыға орай Павлодар уезінің солтүстік бөлегінің 10 уезі, сонымен қатар 12 тұзды көл және оның бірнеше

аудандары толығымен Омбы уезіне өтті, Павлодарға жақын тұрғындар қонысы және тұзды көлдер мен ормандар Славгород уезіне өтті. Осындай бөліністердің нәтижесінде Сібір және Қазақ жерлерінің арасындағы жаңа шекара белгіленді» [2.89].

Байырғы қазақ жерлерінің Сібір ревкомының табандылықпен әдейі қарсы шығуына байланысты толықтай Қазақ автономиялық Республикасына берілмей қалуы Қазақстан басшылығы тарапынан қанағаттанбаушылық тудырды ҚОАК және Кирревком бұл туралы РКП Орталық Комитетіне жедел өтініш түсіріп, онда: Сібір Бюроның мәселені тағы да көтеруі Сібір ұйымының өзара қосылған губерниялардың ҚКСР ұйымдарымен қатынасты жолға қоюдың көмектесудің орнына әрбір қадам сайын басқаша әрекеттер жасайтындығын дәлелдейді.

...Ұлт істері халық Комиссариатынан Семей губерниясында бүгінгі күнге дейін орыс қызметкерлері және қырғыздар арасындағы қарама-қарсылық Семей губерниясын қайтадан Сібревкомына қосуды күткен Сібір қызметкерлерінің жергілікті жерлердегі қолдаулары арқылы болмаған дәрежеде сипат алуына орай ҚКСР шешімін мойындамайтындығы белгілі. Сондықтан да РКП(б) Орталық Комитеті тарапынан Сіб Бюроға одан арғы біздің пікіріміз бойынша Сібір облыстарының қайтадан қайтарылуы туралы сөз болмайтындай отарлаушылық насихатты тоқтату туралы нұсқау берілуін сұраймыз»[14]-деп көрсетілді.

Міне осылай аталған облыс аймақтарының кімге тиесілілігі толығымен шешілмеді. Осыған орай «Қазақстанның шекарасы, соның ішінде Ақмола және Семей тағдыры В.И. Лениннің қатысуымен болған РК(б)П ОК-де және БОАК-тің мәжілістерінде бірнеше рет талқыланды»[9.96]. Тарихи деректер баяндайтынындай:»... РКП (б) ОК Қазақстанның шекарасы туралы мәселені 1920 жылдың ақпанында, 1922 жылдың ақпаны және майында, ал БОАК-1922 жылдың қаңтар және ақпан айларында екі рет талқылады. Мәскеуде Қазақстанның, Түркістанның, Сібревкомының және басқа ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен бірнеше кеңес өткізілді. 1920 жылдың 9-10 тамызында БОК Төралқасының В.И. Ленин жетекшілік еткен қырғыз өлкесін басқаруға, оның шекарасы, қыр республикасының Ресей Федерациясымен өзара қатынасы мәселелеріне арналған барлық тиісті мекемелер мен ведомствалардың қызметкерлері қатысқан кеңес өткізілді» [7.206].

Осы кеңесте «Сібривком мүшесі В.Соколов өзіне тапсырылған «Сібір державасының» бірлігін сақтау үшін барынша күресті. Ақмола және Семей облыстарын олар Сібірдің құрамдас бөлігі деп есептеді. В.Соколов өз сөзінде бұл екі облыстың Сібірдің құрамында қалуын Сібір казактары мен қазақтардың арасында болуы мүмкін өткір қақтығысты болдырмау қажет тігінен деп дәлелдеуге тырысты. В.И.Ленин оны осы жерде сөзінен ұстап, бұлай ету нағыз шовинистік рогатканы ұсыну, нағыз ұлттық жаулықты қоздыратын қайнар көз болып табылды, деп оның бетін қайтарып тастады. В.Соколовқа В.И. Ленин: «Сіз біздің жобаға қарсысыз ба? Неге сіз осы жақсы халықты ренжіткіңіз келеді», – деп шүйлікті.

Мәжіліске Қазақстан өкілі Ғалымжан Тәжібаев қатысты. Баяндаманы С.Орджоникидзе жасады. В.И. Ленин Ақмола және Семей облыстарының Қазақстанға берілуін жақтап қана қойған жоқ, оның заңдылығын, ақиқаттылығын да дәлелдеп берді.

1920 жылғы 16 тамызда Қазақстанның аумағы туралы мәселе БОАК-тің әкімшілік комиссиясының төрағасы М.Владимирскийдің басшылығымен тағы да талқыланды. «Мәселенің ерекше маңыздылығына байланысты, – деп ескертті М.Владимирский, – комиссияның барлық мүшелерінің қатынасуы аса қажетті.

1920 жылғы 17 тамыздағы Халкомкеңестің мәжілісінде В.И. Лениннің басшылығымен Қазақ АКСР-ын құру туралы декреттің жобасы талқыланды. Мәжілісте негізгі мәселелердің бірі Қазақстанның аумағы туралы болды.

Ақмола мен Семей облысының тағдыры заң жүзінде 1920 жылғы 24 тамызда БОАК төрағасы М.Калинин мен РКФСР Халкомкеңесі төрағасы В.И.Ленин қол қойып, 26 тамызда жарияланған «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы туралы» декретте шешілді.

Декретте осы екі облыстың Қазақ АКСР-ы құрамына кіретіндігі айтылды» [8.96, 97].

Болашақтағы негізделетін қазақ автономиясының территориясын белгілеу 1920 жыл басынан Қазақстан ұлт жетекшілері және бұл іске қатысы бар басқа ресми өкілдер арасында кеңінен талқыланып, әр жақты пікірлерге назар аударылып келді. Жағдайдың осындай тұрғыда шешілуіне Орталық Кеңес өкіметі жеткілікті тұрғыда назар аударды. Мысалы «18 мамырда БОАК Төралқасының тапсырмасымен Сталин Мәскеуге «Қырғыз өлкесін басқаруға байланысты мәселелері талқылау үшін» СібӨРК, Түркмайданы,

РК(б)П Түрікбюросы, Орынбор және Челябинск губерниялық атқару комитеттері, Орал ӘРК, ҚырӘРК және Бөкей ордасы атқару комитетінің өкілдерін шақырды» [2.94].

Кеңестегі болашақтағы Қазақ автономиясына енетін территориялар туралы қызу пікір алысудың орын алғандығы, ондағы қазақ өкілдерінің дәлелдеулерінің В.И. Ленин тарапынан толық қолдау табуы осы отырысқа Қазревкомның өкілі ретінде қатысып, болашақ қазақ автономиялық республикасының территориясы туралы баяндама жасаған Ә.Ермековтың еске алуында толығымен баяндалған. «Москваға келісімен, – деп жазады ол, – мен В.И. Ленин председательдік еткен комиссия мәжілісінде Қазақстанның жағдайы туралы баяндама жасадым. Маған дейін Түркістан республикасының жағдайы жөнінде Түріккомиссияның мүшесі Сафаров жолдас та баяндама жасады. ерекше қызу қанды әр сөзін шегелеп, дәлелдеп сөйлеуді ұнататын оның баяндамасында отар аудандардағы бұратана халықтардың ауыр тұрмысы, Столыпин реформасы салдарынан халықтың шамадан тыс тым тығыз орналасқандығы ашырп көрсетілді. Ол Ата қонысынан, жерінен айырылып, жер ауып келген кулактардың талан-таражына түскен қазақ шаруаларының ауыр халі мен езілген жайына ерекше назар аударды. Баяндамашы шұғыл түрде кулактарды басқа жаққа жер аударып, олардың тартып алған жерін ежелгі иелеріне қайтаруды көздеген жер реформасын жүргізуді талап етті. «Тек сонда ғана, – деді ол, – бұратана халық шын мәнінде бостандықты сезініп, Ұлы Қазан революциясының жемісін көретін болады». Владимир Ильич оның пікірін қолдап, алдағы жылдарда Ораз Жандосов және т.б. қатысуымен Түркістанда жер реформасы жүретіндігін айтты.

Өз баяндамама мен, ең алдымен шекара белгілеуде үлкен маңызға ие болып отырған Қазақстандағы жер мәселесінің тығырыққа тіреліп тұрғандығына басты назар аудардым. Бұл мәселелер Кеңес өкіметі тұсында В.И. Лениннің көзі тірі уақытында өз шешімін тапқандықтан, бүгінде тек тарихтың үзік сыры сияқты ғана болып отыр.

...Мен осы оншақырымдық алқапты оны атам заманнан бері иеленіп келе жатқан қазақтарға қайтару жөнінде ұсыныс жасадым. Каспий теңізінің солтүстігінде жерді жерді патша үкіметі тартып алып, Жайық казактарына бергенімен, ол жердегі қазақтарды ата-қонысынан көшіре алмады. Оның бір себебі Каспийдің солтүстігінде Нарын құмы басталады. Сондықтан тіршіліктің темірдей қатты

заны жергілікті халықты Каспий жағасына ығыстырып, теңізден балық аулап, немесе кемелер мен кәсіпшілікке жұмысшы ретінде жалданып, күнкөріс қамын жасауға мәжбүр етті».

Баяндаманы қорытындылай келіп мен егер осы уақытқа дейін қоныстандырылмаған жағдайда, қазақтардан тартып алынған жерлерді өздеріне қайтару жөнінде және жергілікті қазақ халқы мен отырықшы орыс тұрғындарын жерге орналастырғанша ішкі Ресейден аударуды тоқтату туралы ұсыныс жасадым. Осы тұста Владимир Ильич менің сөзімді бөліп: «странно, странно! Товарищ из центра-член нашего ЦК Сафаров внес предложение о выселении всех кулацких хозяйств из пределов Туркестана, а Вы выносите предложение только приостановить до землеустройства местного населения,» – деді. Мен Владимир Ильичтің репликасынан именіп қалсам да, Сафаров жолдас Түркістанның жағдайын сол жердің өзінде зерттегендіктен және оны жақсы білетіндіктен өзінің дәлелді, әрі батыл ұсынысын ортаға салып отыр, ал мен Қазақстан жағдайын ескере келіп, бұл ұсынысты қолдайтындығымды айтым. Сөзімнің дәлелді болу үшін солтүстік уездердегі қазақ және орыс халқының ара салмағы туралы статистикалық деректер келтіріп, егер орнығып қалған қоныс аударушылавр қайта көшірілетін болса, екі халықтың арасында ұлт араздығы тууы мүмкіндігін еске салдым. Сонда Владимир Ильич: «Ага! Надо подумать, подумать!» деді.

Осылайша мен он шақырымдық алқапқа қатысты мәселелерді шамам келгенше дәлелдеп шықтым. Комиссия мәжілісінде республиканың шекарасын белгілеуде жоғарыда атап өткен Каспий теңізінің солтүстігіндегі бір шақырымдық жағалауды Астрахань губерниясынан алып, біздің республиканың шекарасына қосу жөнінде ұсыныс жасадым. Менің бұл ұсынысыма мәжіліске қатысушылар шұғыл қарсы шықты. Көптеген басшылар, оның ішінде Лежава, Брюханов және Астрахань губисполкомының төрағасы (фамилиясы есімде қалмапты) қарсы сөйлеп, Москваның халқы Каспийдің балығы арқылы тамақ асырап отырғандығын, елімізде азық-түлік жетіспеушілігін айтып өз сөздерін дәлелдеуге тырысты.

Мен ... Қазақстан өзінің ұлттық және тұрмыстық ерекшеліктеріне орай РКФСР-дің ішінде автономиялық билікке ие болғалы отыр. Жағалауды біздің республика шекарасына қосу туралы әңгіме ол жерді негізінен балық кәсіпшілігімен айналысатын қазақтар мекендейтіндіктен туындап отыр. Жағалау Қазақстан аумағына кіріңкіреп орналдасқандықтан ол жердегі қазақтарды еңбекке

жұмылдыру да оңай болмақ. Егер балықшы қазақтар мекен еткен жағалау біздің республиканың шекарасына қосылатын болса, біз бұл кәсіпті дұрыс жолға қойып, Орталыққа Астрахань губерниясынан әлдеқайда көп мөлшерде балық дайындайтын боламыз дедім.

Владимир Ильич Астрахань губисполкомының төрағасына жағалауда тұратын қазақ және орыс халқының ара салмағы туралы сұрақ қойды. Ол статистикалық деректердің жоқтығын сылтауратып төтесінен қойылған сұрақтан жалтарып кетпек болып еді, Владимир Ильич жағалауда қанша қазақ, қанша орыс тұратындығын сұрап отырмағандығын, Тодан өз ауданын жақсы білетін сарапшы ретінде қай халықтың басым екендігін білгісі келетіндігін шегелеп айтты. Сонда төраға «Қазақтар көп болуы мүмкін», – деп жауап беруге мәжбүр болды. Владимир мәселені дауысқа салмақ болып – , «Вопрос ясен», – деп қысқа қайырды. Осы кезде Орталық Комитеттің секретары Крестинский: «Ермеков жолдас Данциг коридорын жасағысы келеді», – деген реплика тастады. Владимир Ильич Крестинский жолдас мәселенің мәнін түсінбегенін айтып: «Данцигский коридор хочет создать Астраханский губисполком и наши хозяйственники», – деп тиып тастады. Осылайша Владимир Ильич Каспий жағалауын біздің республика шекарасына қосуға дауыс берді. Бұл ұсыныс көпшілік дауыспен қабылданды» [4.176-179].

Міне, аталған мерзімнен болашақтағы қазақ мемлекетіне тиесілі жерлерді анықтау, даулы мәселелерге нүкте қою оның заңдылығын қамтамасыз ету үшін ұлттық автономиялық республика құрудың қажеттігі айқындала түсті. Сондықтан да РКФСР құрамындағы «Қазақстандағы кеңестік автономияны құру жөніндегі белсенді қызмет 1920 жылдың жазынан басталды» [15].

Осы мазмұндағы тарихи деректерде баяндалатынындай: «Соңғы уақыттар толығымен Қырғыз республикасын негіздеу мақсатындағы мәліметтер дайындауға арналды. Үлкен істер атқарылды. Аталған мәселеге арналған бірнеше мәжілістер мен ведомствоаралық кеңестер, соның ішінде екі рет жергілікті мүдделі облыстар мен мекемелер өкілдерінің қатысуымен өткізілді. Соңғы кеңес В.И. Лениннің төрағалығымен өтті. Олардың барлығы қырғыз облыстарын қамтитын Қырғыз республикасын құрудың қажеттігі туралы пікірге тоқтады. «Қырғыз Республикасын құру туралы» Декреттің жобасы мақұлданып деген шешім қабылданды.

Осындай шешімге орай 1920 жылдың 26 тамызында Қырғыз Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасын құру туралы декретке қол қойылды. Онда:

«1. РКФСР құрамдас бөлегі ретіндегі Қырғыз Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасы құрылып, оның құрамына қазіргі әкімшілік шекаралар негізіндегі:

а) Павлодар, Семей, Өскемен Зайсан және Қарқаралы уездері құрамындағы Семей;

б) Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавловск уездері және Омбы уезінің бөлегі негізіндегі Ақмола¹;

в) Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездері құрамындағы Торғай;

г) Орал, Лбишенск, Темір және Гурьев уездері құрамындағы Орал облыстары;

д) Закаспий облысының Маңғышлақ уезі; Аталған облыстың Красновод уезінің 4 және 5 Адай болыстықтары;

е) Астрахань губерниясының Синемор болыстығы, Бөкей Ордасы, сонымен бірге 1 және 2 Приморск округтеріне жалғасатын бұрынғы қазыналық және оброктық территориялар. Жағалық аймақтар мен Сафронов, Ганюшинск, және Николаевск болыстықтары шаруашылық жақтарынан басқа барлық қатынастарда Қырғыз Революциялық Комитетіне бағыныштылықта болады. Астрахань Атқару Комитеті жанынан аралас тұрғындар арасындағы қатынасты реттеуге арналған Астрахань Атқару Комитеті және Қырғыз Революциялық Комитеті өкілдерінен комиссия құрылсын.

2. Қырғыз Республикасының құрамына қазіргі Түркістан Республикасының құрамындағы қырғыз территориясын енгізу аталған облыстар тұрғындарының еріктерімен іске асырылады.

...

11. ...Ақмола және Семей облыстарын басқаруға қабілетті Қырғыз Республикасының Орталық орындарын толығымен қалыптастырғанға дейін соңғылары Сібір Революциялық комитетінің қарамағында қалдырылады. Сібір және Түркістан құрамында уақытша қалдырылған Қырғыз облыстарында бірыңғай саясат жүргізу үшін Сібір Революциялық Комитеті мен Түркістан Орталық Атқару Комитеті Төралқалығы құрамына Қырғыз Революциялық Комитетінің төтенше өкілдері енгізіледі», – [14] деп көрсетілген.

¹ Ескерту. Омбы уезінің қырғыздық және сібірлік бөліктерін нақты айқындау Қырғыз Революциялық Комитеті мен Сібір Революциялық Комитетінің келісімдері арқылы іске асырылады.

Яғни, Қазақ АКСР-ның құрылуын негіздеген Декрет арқылы оның территориясы бекітілді. Ол қазақ халқының тарихи жерлерінің толығына жуығын қамтыды. Ал, мұның өзі Кеңес өкіметінің басшысы В.И. Ленин толығымен қолдаған барша қазақ азаттық қозғалысы жетекшілерінің үлкен жеңісі болды. «Ресми мәліметтер бойынша 1920 жылы күзде республиканың жер аумағы 1871239 шаршы версты қамтыды, халқының саны 5046000 адам, оның 46,6 % қазақтар құрады» [9.169].

Міне осындай жағдайдағы «ҚазАКСР-інің құрылуы өлкенің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде елеулі оқиға болып табылды. Осының нәтижесінде, таптық принциптер негізіндегі Кеңестер формасында болса да, байырғы қазақ жерінің едәуір аймағында Қазақстан мемлекеттілігі құрылды» [9.170].

Алайда Қазақ АКСР-ның құрылуын құқықтық тұрғыда негіздеген «Бұл декрет Қазақстан аумағының тұтастығын қалыптастырудағы аса ірі де елеулі тарихи оқиға болғанымен, ол еліміздің аумағын толық межелеп бере алмады.

Жетісу және Сырдария облыстары Түркістан республикасының құрамында қалып қойды. Бірақ ол облыстар халқының өз еркімен Қазақ АКСР-ы құрамына өте алатындығы атап өтілді де мұның өзі кейіннен олардың Қазақстанға өтуіне құқықтық негіз болып қалды.

Тіпті осы декрет бойынша Ақмола және Семей облыстары да уақытша Қазақ республикасының орталық органдары қалыптасқанша Сібір ревкомы құрамында қала берді. Мұның өзі бұдан кейінгі кезеңде Қазақстан үшін шекара бөлу, материалдық-техникалық бөлініс, кадрларды бөлу т.б. мәселелерде өлшеусіз қиындықтар әкелді. Ақмола және Семей облыстарын Қазақстанға түпкілікті қосып алу созылып кетіп, 1921 жылдың екінші жартысына қарай аяқталды. Қазақтар өзінің тарихи жерлерінің біршамасына қол жеткізе алмай қалды» [8.6].

В.И. Ленин бастаған Кеңес өкіметі жаңадан негізделген автономиялық құрылымның территориясын белгілеуде жергілікті қазақ басшыларының өтініштеріне одан ары назар аударып отырды. Мысалы: «Қазақ жерлерін қайтаруда Қазақ ОАК-тің 1921 жылғы 19 сәуірде «Патша үкіметі Сібір және Орал казак әскерлерінің меншігіне бөліп берген жерлерді қазақтың еңбекші халқына қайтарып беру туралы» декретінің де үлесі бар. Бұл декретте:

1) «1904 жылы мамырдың 31-де мамырдың 31-де Мемлекеттік кеңестің жоғарғы дәрежеде бекітілген пікірмен Сібір казак

әскерлерінің меншігіне берілген Семей губерниясындағы Өскемен, Семей, Павлодар, уездерінің, Ақмола губерниясындағы Омбы және Петропавл уездерінің шегіндегі,...

Ертіс өзенінің сол жағалауында және Ақмола губерниясындағы Зверинолов станциясы, Петропавл-Омбы ескі жолының оңтүстік жағында жатқан он шақырымдық өңір-қазақтардың ежелден тұрып келе жатқан мекені ретінде және оны Сібір казак әскерінен жалға алып келген еңбекші бұқарасына қайтарып беріледі.

2) Қазақ Орталық Атқару Комитеті 1 сессиясы қарарының (1921 жылғы ақпанның 15-дегі №8 бюллетені) 2-параграфына сәйкес Орал губерниясы шегіндегі Орал өзенінің сол жағалауындағы 1882 жылы патша үкіметі еңбекші қазақ халқын шеттетіп, орал казак әскерінің меншігіне алып берген өңір қазақтардың еңбекші бұқарасына қайтарылады;

... егіншілік халық комиссариатының техникалық нұсқауы бойынша қазақ еңбекшілеріне қайтарылады: ...

3. Бұрын Сібір казактарына берілген Зверинолов–Омбы төте жолы бойындағы және Ертіс өзенінің батыс жағалауындағы Павлодар, Өскемен, Семей уездері арқылы өтетін он верстік жерлер.

Осылай Орал, Ертіс өзендері бойындағы бір кездері патша үкіметі казак әскерлеріне тартып әперген жерлер қазақтарға қайтадан қайтарылды», – [8.107,109] деп көрсетілген.

Қазақстанның тарихи территориясын толығымен белгілеу оның автономиялық мемлекеттігін алуымен одан ары жалғастырылды. Бұл істің басында халқының еркін де теңдік жағдайындағы болашағын іске асыруда бірлесе қызмет атқарған ұлтымыздың барлық азаттық қозғалысының жетекшілері болды. Нәтижесінде «1924 жылдың 27 қазанында КСРО ОАК II сессиясы... Қазақстан халықтарының тілектерін толығымен қанағаттандырды... Түркістанның қазақ аудандары Қазақ АКСР-ның құрамына өтті» [7.228].

Нәтижесінде, XX ғасырдың басында қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған Кеңестік Ресей Федерациясы құрамындағы шектеулі тұрғыда болғанымен автономиялық мемлекеттілігі өмірге келді. Оның тарихи мекені толыққа жуық анықталып, құқықтық тұрғыда қалпына келтірілді.

«Совет өкіметі Россиядағы, – деп жазады М.Дулатов, – 1920 жылы, халықтардың құқықтары туралы шығарған декларация жарлығының 2-бабында: «Россиядағы халықтар өз тізгінін өзі алуына, автономия болуына, тіпті Россиядан бөлініп, жеке мемлекет

болып кетуіне де ерікті» деген уәдесі риясыз екендігіне қазір көзіміз жетіп отыр.

Бұл күнде қазақ жұмхарияты қылып, һүкіметіміз сайланып, өз алдымызға автономиялы жұрт болып отырмыз.

Февраль төңкерісінен біреу емес, саяси партиялардың бәрін де көрдік. Қамқорсынған талай өкіметтердің аласын да құласын да өткердік. Еуропаның (элитасы) діні қатты мемлекеттерімен һәм жер жүзінің империалистерімен де таныстық

... Ақырында, бізге жалғыз біз емес, біз секілді езілген, жаншылған ұлттардың бәрінің қорғаны коммунист партиясы екеніне көзіміз жетті» [16.14].

Біраз жылдардан кейін бұл автономиялық құрылым КСРО шеңберіндегі құқықтары едәуір арттырылған одақтық республикаға айналуымен жалғастырылды. Осы мерзімде Қазақ КСР-ы көптеген бағыттарда әлемдік қауымдастықпен байланыс жасай бастады. Қазақстанның социалистік экономикасы, соның ішінде өнеркәсібінің көптеген салалары жаңадан негізделіп, қарқынды дамыды. Мәдениеті, ғылымы, ұлттық өнері одақтық шеңберден асып, біршама тұрғыда әлемдік қауымға белгілі болды.

КСРО халық шаруашылығының көптеген саласында жетекшілік орын алған еліміз ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы қалыптасқан территориясымен осы ғасырдың соңында өзінің толық тәуелсіздігін алды.

Яғни, қазіргі өркендеген, дамыған егемен Қазақстанның бастапқы автономиялық мемлекеттігінің басында ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұлт қайраткерлері болды. «Т.Рысқұлов, С.Меңдешевтермен бірге алаштықтар А.Байтұрсынов, А.Ермеков, Х.Ғаббасов және басқалары ҚАКСРдың құрылуын жариялаған Төтеншесъезді дайындаудың жұмыстарына тікелей қатысты. Олардың белсенді тарихи-статистикалық, экономикалық, этнографиялық, картографиялық мәліметтерді барынша жинауларының нәтижесінде Қазақ автономиясының территориялық шекарасы анықталып, негізделді.

Қазревкомның құрамына А.Байтұрсынов пен А.Ермековтың енгізілуі олардың жарияланған ұлттық өркендеу идеясын нақты іске асыруға арналған жұмыстарға араласуға жағдай жасады. А.Байтұрсыновтың Қазақ автономиясын құру мәселесіне байланысты В.И. Ленинмен кездесуі алаштықтардың осы идеяның іске асуына деген сенімдерін тудырды. Байтұрсынов 1920 жылы Ленинге:

«1) Қазақ өлкесін басқаруға аты ғана коммунист емес, нағыз идеялық коммунистер мен халық сеніміне ие болған ұлт зиялыларынан шыққан, сыннан өткен идеялық қызметкерлер қойылсын. Нағыз коммунистер мен қазақтардан шыққан идеялық қызметкерлер, соңғылары коммунистер болмаса да, бір-бірімен түсініседі және іске көзқарасы ортақ болғандықтан, қазақтардан шыққан шалағай коммунистерге қарағанда, тезірек тіл табыса алады;

2) Халқы аралас аудандарда үкімет органдарының бәріде езілген ұлттардың өкілдері кемінде 2/3 болуға тиіс;

3) қазақ өлкесінің шаруашылық-экономикалық мекемелерін басқару түрлі шаруашылық саласы бойынша басқа губернияларға немесе облыстарға ешқандай да бөлінбей және бағындырылмай қазақтардың қолында болуға тиіс;

4) қазақ коммунистері мен революцияшыл зиялылардың бүкіл саяси-мәдени жұмысы кеңестік социалистік шаруашылық саясатына негізделуге тиіс,

5) Қазақстанды біріктіретін, Орынбор қаласынан басқарылатын әскери округ құрылсын;

б) қалалардағы гарнизондар міндетті түрде қазақтардан болсын;

7) Қазақ өлкесінің шекарасы жөнінде төменде аталғандарынан басқа ешқандай да өзгерістерге жол берілмеуі тиіс ...» – [17] деп жазып, болашақтағы Кеңестік автономиялық Қазақстанды басқарудың, ондағы ұлт саясатын нақты іс жүзіне асырудың жолдарын ұсынды. Ал осы айтылғандардың негізі Лениннің кезінде іске асырылғандығы белгілі.

Сол жылдардағы Қазақ Кеңестік автономиясын құрудың басында болған С.Сейфулиннің баяндауынша: «Қазақстан ұлт мәселесінің бас шешілуі Қазақ республикасы аталып, бұрын патша заманында бытырап, бет-бетімен жандаралдарға бағынып кеткен қазақ елдері бір жерге жиналып, өзінің кіндік үкіметін сайлағаннан бері деп айтуға болады» [18].

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың басындағы Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық және қазан пролетарлық төңкерістерінің нәтижесіндегі саяси-қоғамдық дамуында түбегейлі өзгерістерге ұшырап, автономиялық мемлекеттілікке, төл территориясына қайтадан ие болған Қазақстанның осы мерзімдегі саяси тарихының маңызы ерекше екендігі анық.

Өйткені, халқымыздың ғасырлар бойы мемлекеттігін негіздеп, төл мекенін заңдастырудағы ұмтылысы осылай кеңестік автономиялық

тұрғыда болғанымен іске асырылды. Аталған территориясын негізінен сақтай отыра Қазақ АКСР-ы кейін КСРО құрамындағы үлкен одақтық республикаға айналды.

Осындай жағдайдағы ұлтымыздың түгелге жуық қалпына келтірілген территориясы ХХ ғасырдың 50-70-ші жылдардағы Хрущевтың асыра сілтеу, Брежневтың тоқырау мерзімдерінде қаншама рет өзгертілуге әрекет жасалғанымен сақталынып қалды. Тіпті осы мерзімдерде негізгі тұрғындарының үлес салмағының азаюына байланысты республика атауын ауыстыру туралы мәселе де қойыла бастаған еді. Алайда оның барлығына да батыл тойтарыс берілгендігі белгілі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аймақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан-тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті», [19] – деген сөздері ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдары елінің болашағы жолында қызмет еткен, сол үшін кейін «халық жаулары» атанып, түгелге жуық сталиндік жеке басқа табынудың құрбандарына айналған ұлт қайраткерлерінің есімдерін еске салады.

Осы территориясымен Қазақстан 1991 жылы өзінің егемендігін алды. Елбасының жүргізіп келген көреген сыртқы саясаты негізінде Тәуелсіз Отанымыздың ұлан-байтақ төл мекені қазіргі күні барлық көрші мемлекеттер тарапынан мойындалып, халықаралық құқық негізінде толығымен танылды.

Қазақстан Республикасы қазіргі уақытта дүниежүзілік қауымдастықта ұлттар арасындағы түсіністік пен ұғыныстық қалыптасқан экономикасы іргелі дамушы Ел ретінде танылып отыр.

Яғни, бұдан 100 жыл бұрынғы іргесі қаланған автономиялы мемлекеттігіміздің жариялануы бүгінгі күнгі толық тәуелсіздікке жетуіміздің ұзақ жолындағы айшықты кезең болды деп айтуға толық негіз бар екендігі белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын. // Егемен Қазақстан. – 1998 жыл, 16 қаңтар

2. Кыдыралина Ж.У. Алимхан Еркеков / Под общ. ред. докт. ист. н., проф. Б.Г.Аягана. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. – 320 стр.
3. Белан П.С. Границы Казахстана: краткая история формирования. /Под общ. ред. С.Ф.Мажитова / Алматы: Тарих тағылымы, 2008. – 156 стр.
4. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 360 бет.
5. Нурмагамбетова Р.К. Движение Алаш и Алаш Орда. Историография проблемы. 1920-1990- годы. – Алматы: ИИЭ им.Ч.Ч.Валиханова, 2003, – С.153
6. ООТМ. Қор 1617, тір1, іс 30. п.2
7. Бейсембаев С. Ленин и Казахстан (1897-1924.) Алма-Ата: Издательство «Казахстан»,1968. – С.535
8. Маймақов Ғ. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы. (Қазақстанның аумақтық тұтастығының қалыптасуы және Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу). Монография. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2005. – 208 б.
9. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 бет, суретті, карталы
10. В.И. Ленин Полн. собр. соч. Издание пятое. т.39. СС. 565-566,588
11. Елеуов Т. Установление Советской власти в Казахстане. Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1957., С.113
12. ҚР Президенті мұрағаты, қор 139, тіркеме 4, іс 2, пп.10-11
13. ҚР Президенті мұрағаты, қор 139, тіркеме 2, іс 11, п.17
14. В.И. Ленин о Средней Азии и Казахстане. Государственное издательство Узбекской ССР.-Ташкент -1960., ??? С. 632
15. 15.Әліби Жанкелдин. Документтер мен материалдар. Ред. басқ. Т.С.Елеуов, П.Пахмурный. – Алматы, «Қазақстан» баспасы, 1975. – 69 б.
16. Міржақып Дулатов. Алты томдық шығармалар жинағы. 3 том. Алматы «Мектеп», 2013. – 14 б.
17. Байтұрсынов Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынов туралы құжаттар мен материалдар. – Т. ҮІ: – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 26-27 бб.
18. Сейфуллин Сәкен. Сол жылдарда. Повестері мен әңгімелері. – Алматы, «Жазушы», 1973. – 468 б.

Талғатбек ӘМИНОВ

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі,
Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты*

**ОНДАСЫНОВ НҰРТАС ДӘНДІБАЙҰЛЫ – КӨРНЕКТИ
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ**

Аңдатпа. Бұл мақала еліміздің көрнекті мемлекет және қоғам қайрткері Нұртас Дәндібайұлы Ондасыновтың өмірі мен қызметін ашып көрстуге арналған. Ол 25 жыл бойы партия-кеңес қызметін атқарған, оның ішінде 13 жыл Республика Үкіметін басқарған. Осы аталған мерзім ішінде ол Қазақстанның экономикасы мен рухани саласын дамытуға қомақты үлес қосты.

Түйін сөздер: *халық шаруашылығы кеңесі, жер суландыру, мелиорация, атқару комитеті, министрлік, депутат, техникум, институт, комсомол*

Талғатбек Аминов

**ОНДАСЫНОВ НУРТАС ДАНДИБАЙУЛЫ – ВИДНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ**

Аннотация. Данная статья посвящена раскрытию жизни и деятельности видного государственного и общественного деятеля Нуртаса Дандибайұлы Ондасынова. Он в общей сложности 25 лет находился на партийно-советской работе, из них 13 лет руководил Правительством республики. За этот период внес значительный вклад в развитие экономики и духовной сферы Казахстана в советский период.

Ключевые слова: *Совнархоз, ирригация, мелиорация, исполнительный комитет, министерство, депутат, техникум, институт, комсомол*

Talgatbek Aminov
**ONDASYNOV NURTAS DANDIBAYULY – VISIBLE STATE
AND PUBLIC ACTIVIST**

Abstract. This article is devoted to the disclosure of the life and work of a prominent statesman and public figure NurtasDandibayulyOndasynov. He spent a total of 25 years at party-Soviet work, of which he led the Government of the republic for 13 years. During this period, he made a significant contribution to the development of the economy and spiritual sphere of Kazakhstan in the Soviet period.

Key words: *Sovnarkhoz, Irrigation, Land Reclamation, Executive Committee, Ministry, Deputy, Technical School, Institute, Komsomol*

Әр халықтың әлемде өзіндік тарихы бар, ежелгі заманнан қазіргі күнге дейін жүріп өткен жолы бар. Қазақ халқының тарихында есімдері алтын әріптермен жазылған ірі ұлы тұлғалар да лайықты орын алады. Осының дәлелі ретінде, XX ғасырдың көрнекті тұлғаларына қатысты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай деді: «Егер жиырмамыншы ғасырдың тарихына зер салар болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгергенін байқаймыз. ...Сол айтулы есімдердің білімдарлық һәм азаматтық тәлімдері кейде көзге көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс. ...Жиырмамыншы ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды» [1, 148 б.]. Сол дәуірдегі қазақ ұлттық зиялыларының жарқын өкілдері Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төрекұлов, Ғани Мұратбаев, Сәдуақас Оспанов, Әмин Жүсіпов, Мұхтар Әуезов және т.б. болды, кеңес дәуірінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ондасынов Нұртас Дәндібайұлы лайықты мұрагері және жарқын істердің тікелей жалғастырушысы болды.

Нұртас Ондасыновтың өз қолымен жазған өмірбаянына сәйкес, ол 1904 жылы 26 қазанда Түркістан облысының Үшқайық ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Үш жасында туған анасы Жұмагүлден айырылған соң, екінші анасы Дәрігүлдің қолында тәрбиеленеді. Ол өте мейірімді болды, сондықтан ол анасы мен өгей шешесінің арасындағы айырмашылықты білмей өсті. Бір

күні Дәрігүл Нұртасты қолынан ертіп, ауыл молдасына алып келеді де, былай деді: «Мен біздің ең кіші ұлымызды әкелдім, оған құранды оқуды үйретіңіз. Сонымен қатар, қажет болса күш қолдануыңызға болады, тек оның сүйектері бүтін болса болды». Бұл оқиға өз өмірінің ең қиын сәттерінің бірі ретінде оның жадында ұзақ уақыт сақталған. Ол кезде молдадан алған білімі зейнетке шыққаннан кейін араб-парсы түсіндірме сөздігін жазғанда көп пайдасын тигізді.

Бірнеше жылдан кейін бірінші дүниежүзілік соғыс басталды, оған патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Жарлығымен қазақ ұлтының азаматтары шақырылды, бұл ауылдағы кедейліктің онсыз да қиын жағдайын одан бетер қиындатты [2, 22 б.]. Бұған қоса, 1917 жылы қатты құрғақшылық болды, ол адамдарды азық-түлік пен мал азығынан айырып, егістік және жайылымды шөлейтке айналдырды. Осы қолайсыз құбылыстарға байланысты өзінің суармалы алқаптары жоқ қазақ халқы жұтқа ұшырап, жаппай өле бастады. Нұртастың әкесі де бірнеше баласы және немерелерімен бірге бұл апаттың құрбаны болды. Жаппай аштықтан кейін тірі қалған тұрғындардың бір бөлігі басқа өңірлерге қоныс аударды. Нұртас да басқа тұрғындармен бірге Ташкентке көшті. Н.Оңдасыновтың өзінің айтуынша балалық шағында оған өмір сүру оңайға соқпаған. Оның балалық шағы мен ересектік шағы қарапайым халық бұл жерде ештеңе түсінбеген, ал жас Кеңес мемлекетінің бір формациядан екінші формацияға көшкен кезеңінде өтті. Жаңа биліктің ақылсыз басқаруының нәтижесіне байланысты халық жаппай аштыққа ұшырап, өз бастарын құтқарып бөтен өлкелерге қашты. «Кедей шаруа отбасында дүниеге келген соң, мен сол кезеңдегі қиындықтар мен барлығынан айырылудың қандай екенін сезіндім. Өз әкем мен анамнан ерте айырылдым, содан кейін өгей шешем Дәрігүлден айрылдым. ...Бірақ қандай қиындықтарды бастан кешірsem де, мен ешкімге көмек бер деп қол созбадым. Мен өзіме және өз еңбегіме қатты сеніммен өмір сүрдім. Ауылда әр түрлі дақылдар өсіріп, мал бақтым. Кейін басқалармен бірге Ташкентке көшіп, өзбектерге жұмысқа жалдандым. Бір сөзбен айтқанда, өзімнің тамағыма өз еңбегіммен таптым. Мұндай өз-өзімді тәрбиелеу мен өз-өзімді қамтамасыз етуге ұмтылудың нәтижесінде мен тіпті кейініректе, жағдайым өте қатты жақсарған кезде де, қандай да бір материалдық игіліктерге ие болып қалуға тырыспадым, ешқашан өз мүмкіндіктерімді жеке мақсатта қымбат нәрсе және басқа бірдеңе сатып алу үшін пайдаланбадым», – деп жазды Нұртас Оңдасынов [2, 46 б.].

Ташкентте ол алдымен жүн өңдеу зауытында жұмыс істейді, содан кейін Ташкент темір жолының кірпіш зауытына қатардағы жұмысшы болып орналасады. Біраз уақыттан кейін оған Ташкентте жетім балаларға арналған мектептердің ашылғаны туралы хабар келіп түседі. 1920 жылдың тамызында Нұртас осындай балалар мекемелерінің бірі – №14 мектеп-интернатына оқуға түседі. Кейін белгілі болғандай, бұл интернаттар Ғани Мұратбаев бастаған жас қазақ интеллигенциясы өкілдерінің күшімен ашылған екен. Жоғарыда көрсетілген интернаттың тәрбиеленушілерін бастапқыда орыс тіліне Ғани Мұратбаевтың өзі оқытады. 1921 жылдың сәуір айында Нұртас Ғани Мұратбаев ұйымдастырған комсомол ұйымының қатарына кіреді.

Ғани Мұратбаев ашқан интернаттар жетім балаларға үлкен қамқорлық көрсетті, өйткені мемлекет балаларды оқыту мен тамақтандыруға, оларға қажетті киім-кешек алуға байланысты барлық шығындарды толығымен өзіне алды. Ал тұратын жері бұған дейін қайыр сұрап вокзалда ұйықтап жүрген бұл балалар үшін жұмақ орнындай болды.

1923-1927 жж. мектеп-интернатты бітіргеннен кейін Нұртас Ташкент орман шаруашылығы техникумында оқыды. 1927-1930 жылдары Қызылорда, Жамбыл және Шымкент Су шаруашылығы мекемелерінде жұмыс істеді. Жас кезінен білімге ұмтылған ол 1930-1934 жж. Ташкент қаласындағы Орта Азия университетіне қарайтын Жер суландыру институтына оқуға түсті. 1934-1938 жылдары Қазақ орман шаруашылығы басшысының орынбасары, басшысы болып жұмыс істейді.

Одан әрі қызмет сатысымен көтеріле отырып, Шығыс Қазақстан облыстық кеңесінің атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Осы лауазымда отырғанына алты ай өткеннен кейін оның іскерлігі мен жаңашылдығын Қазақстан Компартиясының ОК бірінші хатшысы Н.А. Скворцов байқайды және ол 1938 жылдың шілдесінде Н.Д. Оңдасыновты Республика Үкіметінің (Халық шаруашылығы кеңестері) төрағасы етіп тағайындауға ұсыныс жасайды.

Нәтижесінде 1938 жылдың шілдесінде Н. Оңдасынов Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің мүшесі болып сайланады және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында Қазақ КСР үкіметінің төрағасы болып тағайындалады (Халық Комиссарлары Кеңесі, кейін – Министрлер Кеңесі). 1938-1951 жылдары Кеңестік Қазақстан үшін ең қиын кезде Үкімет төрағасы ретінде ол елдің

мүддесін қорғай алды. 1951-1953 жж. КОКП ОК жанындағы Мәскеу ӘПШ тыңдаушысы болды. Оқу мерзімі аяқталғаннан кейін ол 1954-1955 жж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып істейді, ал 1955-1962 жж. жеті жыл бойы Гурьев (қазіргі Атырау) облысының облыстық атқару комитетінің төрағасы, кейін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде басқарады.

Осылайша, Н.Д. Оңдасынов жалпы алғанда 25 жыл партия-кеңес жұмысында болды. Осы 25 жыл бойы (1938-1963 жж.) Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 18 жыл (1940-1958 жж.) – КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасы төрағасының орынбасары болып сайланды. Осы лауазымда 26 жыл бойы (1938-1964 жж.) жұмыс істей отырып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады, 13 жыл (1939-1952 жж.) – КОКП Орталық Тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланады [2, 23-24 б.].

Естеліктерінде атап өтілгендей, ақсақалдардың әңгімелері бойынша Н.Оңдасыновтың ата-бабалары мұнда атақты Жиделі-Байсын жерінен қоныс аударып Қаратауға қоныстаныпты. Бірақ олар осы өлкенің тарихын терең білмегендіктен олардың ешқайсысы өз әңгімелерінде олардың осында келуінің шынайы себебін ашып айтуға тырыспады. Ал Нұртастың атасы Дәндібай өз дәуірінің көптеген ұрпақтарының арасында бақытты өмір сүрген ұзақ өмір сүрушілердің бірі болды. Нұртастың анасы Жұмагүл Дәндібайдың сүйікті келіні болған. Бірінші күйеуі қайтыс болғаннан кейін Жұмагүл жесір әйел ретінде екі қызы – Мәриям және Батимамен, сондай-ақ ұлы Қозыбаймен қалады. Кейінірек, қазақтың әменгершілік дәстүріне сүйене отырып, оған қайтыс болған күйеуінің үлкен ағасы Нұртастың әкесі Оңдасын үйленеді (Түсініктеме. Зерттеушілердің мәліметтеріне сәйкес, Оңдасын – Нұртастың туған әкесі, ал Дәндібай – оның атасы) [2, 26б.]. Отбасын құрған соң олар тату және толық түсіністікте өмір сүре бастады. Бірақ біраз уақыттан кейін Жұмагүл өз ұлы Қозыбайынан айырылып Құдай тағаладан оған қайтадан ұл сыйлауын сұрап ауыр қайғыға батады. Бірақ ұлдың орнына Нұртастың – Әлима мен Сәлима деген екі үлкен әпкесі дүниеге келеді. Арманы орындалмаған анасы қайтадан қайғының тұңғиығына түседі. Ұзақ сәтсіздіктер мен қайғыдан кейін, ақырында оның тілегі орындалады. Екі қыздан кейін Оңдасынның үшінші баласы – ұлы Нұртас дүниеге келеді. Оның ата-анасы ұлының туылуына байланысты

барлық көптеген туыстарын жинап, ол Алланың сенімді елшісі болсын деген ниетпен оған «Нұрмұхаммед» деп ат қояды. Уақыт өте келе осы атынан тек «Нұр» деген түбірін ғана қалдырады, содан кейін оның өмірі тас сияқты мықты болуын тілей отырып, «Нұртас» деп атап кетеді. Кейін бұл аты барлық құжаттарда заңдастырылды.

Нұртастың анасы өте мейірімді және нәзік адам болды, сонымен қатар ол қолөнер шебері болды, тігіншілік және кілем тоқу ісінің өнерін жақсы меңгерген. Бұл туралы оның шеберлігінің куәгері болған әйелдер ұзақ әңгімелеп айтып берді. Бұған дейін айтылғандай, Жұмагүл қайтыс болғаннан кейін оның балаларын тәрбиелеумен өгей шешелері Дәрігүл айналысады. Ол табиғатынан мейірімді болды және барынша оларға қамқорлық жасауға тырысты. Және өмірінің соңына дейін адамгершілігі жоғары және парасатты болып қалады, бұл туралы Нұрекең өзінің естеліктерінде жазады [2, 27 б.].

Жеті-сегіз жаста өзінің екінші анасы Дәрігүлдің шешімімен оны ауылдық молданың мектебіне оқуға жібереді. Сол мектепте ол араб әліпбиін меңгеріп, құран сүрелерін (діни трактаттар) жатқа оқиды. Бұған қоса, өзінің немере ағасы Әділбектен кітап оқып, жазып үйренеді. Нәтижесінде, ол бір-екі жыл ішінде біршама жақсы жазып және кітаптарды тез оқи алатын болды. Ол кезде молдадан алған білімі оған Ахмет Байтұрсынұлы әзірлеген қазақ графикасын тез меңгеруге көмектесті. Осы білімі жарты ғасыр өткеннен кейін «Араб-қазақ» және «Парсы-қазақ» түсіндірме сөздіктерін жазуға негіз болды.

Оның әкесі Оңдасынның отбасы көп балалы болған және кедей өмір сүрді. Нұртастың балалық шағы кезінде олардың отбасында бір қазаннан бір уақытта он төрт жан тамақтанатындығы есінде. Кедей отбасына оларды тамақтандыру да оңай емес еді. Адамдар лайықты өмір сүру үшін бірінші кезекте олардың өзара түсіністіктері мен бірін-бірі қолдауы қажет. Бұл жағдайды жақсы түсініп, Нұртастың аға-інілері мен апа-қарындастары ата-аналарының талаптарын мүлтіксіз орындады. Нәтижесінде Оңдасынның отбасы осындай өзара түсіністік пен татулықтың үлгісі болды.

Ауылдағы маусымдық жұмыстарды аяқтағаннан кейін Оңдасынның ұлдары Ташкент жағына шығып, өзбектерге жұмысқа жалданды. Онда күзге дейін мақта жинап, қысқы уақытта да мүмкін болған жерлерде еңбек етті. Көктемде олар ауылға оралды. Бірақ соңғы рет 1919 жылдың көктемінде Нұртас Ташкентте қалды,

өйткені ол жерде Ташкент түбіндегі Келес орнында кірпіш зауытына жұмысшы ретінде жұмысқа орналасты. Бұл кәсіпорында жұмысы істеп жүрген кезінде Ғани Мұратбаев жетім балаларға арналған мектеп-интернатты ашатыны туралы хабар келіп түседі. Ол үйге оралуды ұсынған үлкен ағаларымен келіспестен, өзімен бірге екі-үш баланы ала салып интернатқа барады.

Нұртасты балалар тобымен бірге жетім балаларға арналған интернатқа түсуге Г.Мұратбаев, А. қбаев және С.Сапарбеков көндірді. Оларға интернатта Сәдуақас Оспанов пен Әмин Жүнісов сияқты тәжірибелі педагогтар сабақ берді. Нұртас Оңдасыновпен бірге онда – Раимбек Ахметов, Бейсембай Кенжебаев, Өтебай Тұрманжанұлы, Жүсіпбек Арыстанов, Бектас Шынарбаев, Бапаш Кеншімбаев, Бейсембай Қасқыров және басқалары сияқты жастар білім алды. Тәлімгерлердің бірі Сәдуақас Оспанов балаларды үнемі Абайдың өлендерін жатқа айтуға мәжбүрлейтін, бұл Н.Оңдасынов пен Б.Кенжебаевтың өз-өздеріне ұлттық-патриоттық көзқарас қалыптастыруларына әсер етті. С.Оспанов өз уақытында Алаш партиясында болды. Кейін ол Семей аймағындағы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеп, саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1937 жылы атылады [3, 31-32 б.].

Нұртас оқыған №14 мектеп-интернаты өз жұмысын үкіметтік құрылым бойынша бастады. Кейін бұл құрылым үлгілі деп танылып, Ташкент қаласының орта және жоғары білім беру жүйесінде өз тарауын тапты. Мектеп-интернатта Нұртаспен бірге оның досы Бектас Шынарбаев оқыды, кейіннен жазушы Құлбек Ергөбек одан сұхбат алады. Әңгіме барысында ақсақал интернат өмірінің бір қызықты оқиғасын айтып берді. Мектеп тәрбиеленушілері оқудан бос уақытында өз орталарында жинала отырып, оқушылар арасынан билеушілерді сайлады. Осындай жиналыстардың бірінде олар өз үкіметінің келесі құрамын сайлады: Нұртас Оңдасынов – Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, Бейсембай Кенжебаев – ағарту халкомы, Бектас Шынарбаев – жасыл (экология) халкомы, Жамалбек Шалабаев – гигиена халкомы және т.б. Балалардың тілектерін Жаратушы қолдаған сияқты. Кейін 13 жыл бойы Нұртас Оңдасынов Кеңес комитетінің төрағасы болып жұмыс істейді. Бейсембай Кенжебаев белгілі түркітанушы ғалым, Бектас Шынарбаев - ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, Жамалбек Шалабаев – отынмен қамтамасыз ету жөніндегі министр, Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасының орынбасары болады [4, 49-52 б.].

Нұртас Оңдасынов Ташкентте оқыған жылдары тәрбие алған өзінің тәлімгері Ғани Мұратбаев туралы мынадай пікір қалдырды: «Біздің жасымыздың аздаған айырмашылығына қарамастан, ол кезде небәрі 18 жаста болған Ғани Мұратбаевқа, бәрі құрметті ұстаз ретінде құрметпен «Ғани аға» деп атады. Ғани, үлкендермен де, кішілермен де, тәрбиешінің тамаша қасиеттерімен ортақ тіл табыса отырып, үлкен құрметке ие болды. Мен оны қатты жақсы көрдім. Бірінші кездесуден ол маған ерекше әсер қалдырды және мен оған ең жақын және қымбат адам ретінде қарадым» [5, 2 б.].

Комсомолдық жұмыспен айналыса отырып, Ғани интернат оқушыларына орыс тілін үйреткен. Кейін Ғани Мұратбаев Түркістан комсомолының Орталық Комитетінің хатшысы болып сайланғанда, Нұртас оқыған интернатпен тығыз қарым-қатынас жасауды жалғастырды. Ғани бастаған игі дәстүрлер оның ізбасарлары арқылы өз жалғасын тапты. Осы бойынша Нұртас Оңдасынов өз естеліктерінде былай деп жазады: «Ғани, бізге, білімді меңгеруге кірісе бастаған, қарапайым көшпелі халықтан келген қара қожалақ және қараторы балалар үшін шын мәнінде ерекше тұлға болды, біз бәріміз де оған тең болуға ұмтылдық» [6].

Жалпы алғанда, әр түрлі қиын жағдайларда Нұртас Оңдасыновқа өзінің өмірлік жолында кездескен мейірімді адамдар көмектесіп, тура жолға жолға бағыттап отырды. Олардың арқасында ол өзінің болашағына сеніммен қарап, белгілі бір табыстарға қол жеткізе бастады. №14 мектеп-интернатты бітіргеннен кейін 1922-1927 жылдары Ташкент орман шаруашылығы техникумында оқиды. Техникумға оқуға түсуге халық ағарту комиссары Сұлтанбек Қожанов көмек көрсетті. 1925 жылы астана Орынбордан Қызылордаға көшкенде сол С.Қожанов техникум студенті Н.Оңдасыновты қалада ашылған тарихи-өлкетану мұражайына уақытша жұмысқа шақырады. Ол жазғы демалыс кезінде белгілі бір ақша сомасын табады. Келесі кездесу кезінде С.Қожанов оған 1922 жылы Нәзір Төреқұловтың басшылығымен шыққан Абай өлеңдерінің бірінші томын, сондай-ақ 1923 жылы өзінің алғысөзімен шыққан Мағжан Жұмабаевтың шығармаларының біртөмегіні сыйға тартты. Сонымен қатар, ол Нұртасқа осы екі атақты ақынды көбірек оқып, олардан үйрену туралы кеңес береді. Кейін ол С.Қожанов арқылы сәтті бір күні Н. Төреқұловпен танысады. Нәзір Төреқұлов та сондай-ақ оған халық шығармашылығын терең зерделеп, халық эпостарын, ертегілерін және аңыздарын көбірек оқып үйрену үшін

тәлім береді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін және Мәскеуге көшкеннен кейін, ол Нәзір ағаның жақсы сөздерін еске түсіріп, екі жеңді түріп тастап халық шығармашылығы зерделеуге және түсіндірме сөздіктер дайындауға белсене кіріседі [3, 44-45 б.].

Нұртас Оңдасынов Ташкент орман шаруашылығы техникумын бітірген жас маман ретінде еңбек жолын Қызылорда қаласында орналасқан Қызылорда-Қазалы су шаруашылығы округінің статисті лауазымында бастайды. Бұл туралы Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған Су шаруашылығы басшысының атына өз қолымен жазған өтініші дәлелдейді [7]. Осы шаруашылықта толтырылған құжаттарда ол 1925 жылдың 23 сәуірінен бастап партия мүшелігіне кандидат болып табылатыны туралы жазба бар. Нұртас Дәндібайұлы осы кезеңнен бастап өз ұжымының қоғамдық өміріне қатыса бастайды. 1925 жылдың 9 желтоқсанында ол Ташкент қаласында өткен партия мүшелері мен мүшелігіне кандидаттар жиналысының жұмысына қатысады, онда су шаруашылығы жүйесінде әрекет ететін бастауыш партия ұйымын құру туралы мәселе талқыланды. Сол жиналыстың хаттамасында және сөз сөйлеушілердің тізімінде оның тегі мен аты-жөні көрсетілген. Бұл құжат сондай-ақ сол мұрағат материалдарында сақталған [8].

Нұртас Оңдасынов 1927 жылдың қазан айынан бастап 1928 жылдың мамыр айына дейін қоса алғанда Қызылорда өңірінде статист ретінде жеті ай жұмыс істеді. Бұл туралы Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағатында тиісті мәліметтер сақталған. Мысалы, 1927 жылдың қараша айында №42 Қазақ Су шаруашылығы бөлімінде партиялық жиналыс өтті, онда Н.Д. Оңдасынов төрағалық етті. Кезекті партиялық жиналыс 1927 жылы 5 желтоқсанда өткізілді, онда Н.Д. Оңдасынов төрағалық етті. Келесі партиялық жиналыс сол жылдың 11 желтоқсанында өтті, оның қорытындысы бойынша №14 хаттама толтырылды, онда Н.Д. Оңдасыновтың күн тәртібінің екі мәселесі бойынша сөйлеген сөздерінің мәтіндері атап өтілді. 1927 жылы 11 желтоқсанда Н.Д. Оңдасынов оны кандидаттардан партияның нақты мүшелеріне ауыстыру туралы өтініш берді. Сол құжаттарда оның өмірлік жолы және сол кездегі негізгі жетістіктері қысқаша баяндалды [3, 59 б.].

Н.Д. Оңдасынов 1928 жылы еңбек жолының келесі кезеңін жалғастыру мақсатында жас маман ретінде Әулие-ата қаласына (қазіргі Тараз) көшеді. Жамбыл аймағы Қазақстан Су шаруашылығының маңызды буындарының бірі болып табылады.

Осы аймақтың Талас мекемесінде бес ай жемісті қызмет еткеннен кейін Нұртас Оңтүстік Қазақстанның Шымкент су шаруашылығына жұмысқа ауыстырылады [3, 64 б.].

Ташкент орман шаруашылығы техникумын бітірген жас маман ретінде ол осы аймақтағы маңызды су шаруашылығы іс-шараларын әзірлеуге және іске асыруға белсенді қатысады, сол арқылы туған өлкесінің экономикасын дамытуға және халықтың өмірін жақсартуға өз үлесін қосады. Сонымен қатар ол өзінің білім деңгейін және іскерлік біліктілігін арттыру қажеттілігін жақсы түсініп, 1930 жылы жоғары білім алу мақсатында Жер суландыру институтына оқуға түседі, ол сол кезде Ташкент қаласындағы Орта Азия университетінің құрамына кіретін. 1930-1934 жылдары Нұртас Оңдасынов оқыған Жер суландыру институты бастапқыда Түркістан мемлекеттік университетінің техникалық факультетінің базасында құрылған. Кейіннен ол құрылымдық өзгерістерге ұшырай отырып, Ташкент ауыл шаруашылық жерін суландыру және механизация институты (қазір –Ташкент жер суландыру және мелиорация институты) болды [3, 73 б.].

Жер суландыру институтының үш курсы бітіргеннен кейін Н.Д. Оңдасынов Орта Азия университетінің Жұмыс факультетінде оқытушы болып жұмыс істейді. Осыдан 1934 жылдың қазанында ол Қазақстанға жұмысқа жіберіледі. Мұнда ол 1936 жылға дейін алдымен Қазақстан Орман шаруашылығы тресінің бастығының орынбасары, содан кейін бастығы болып жұмыс істейді. Осы мекемедегі жұмыстан республиканың жоғары басшы лауазымдарындағы еңбек жолы басталады. Осы жылдары ол өзінің іскерлігі мен көрегендігін танытады. Мысалы, ол өзінің бірінші агротехникалық съездегі баяндамасында бірқатар өңірлерде ауыл шаруашылығы алқаптарының құнарлылығын айтарлықтай төмендетуге алып келетін топырақты қорғау шараларының қанағаттанғысыз жай-күйін жіті сынға алып отырды. Оның баяндамасының негізінде бұл істе елеулі қателіктерді жеңу бойынша шешуші шаралар қабылданатын болады [3, 78 б.].

1935 жылы Орман шаруашылығы тресінің жетекшісі Н.Д. Оңдасынов Қазақ КСР-нің 15-жылдығына дайындыққа байланысты өзінің ведомстволық бағынысты мекемелерінің басшыларына қазақстандық ағаш материалдары мен т.б.дайындалған түрлі су шаруашылығы объектілерінің, бұйымдары мен заттарының фото-суреттерін иллюстрациялай отырып, өз саласының негізгі

жетістіктеріне арналған арнайы көрме ұйымдастыруды тапсырады. Сол кезеңде Н.Оңдасынов басқаратын орман шаруашылығы тресінің қарамағында Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Қостанай облыстарының басқармалары болды. Сол жылдары облыстық орман шаруашылығы басқармаларында тәлімбақтар болды. Мысалы, Олар Батыс Қазақстанда – 6, Ақтөбеде – 3, Солтүстік Қазақстанда – 10, Оңтүстік Қазақстанда – 5, Шығыс Қазақстанда – 4, Алматы облысында – 4, Қостанайда -1 болды. Облыстарда Н.Д. Оңдасыновтың қарамағында болған орман шаруашылығының жеті басқармасы жұмыс істеді.

1938 жылдың ақпан-шілде айларында Н.Д. Оңдасынов Семей қаласында Шығыс Қазақстан облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесінің Атқарушы комитетінің төрағасы болып жұмыс істейді. Осы лауазымға оны ол кезеңде Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып жұмыс істеген Л.И. Мирзоян ұсынды. Нұртас Оңдасыновтың естеліктері бойынша, Л.И. Мирзоян республиканы басқарған жылдары Қазақстанда тәртіп пен тыныштық қалпына келтірілді, бірқатар басшы кадрлар тарапынан қызмет бабын асыра пайдалану фактілері талқыланды, облыс пен аудандардың партия-кеңес басшылығының құрамы айтарлықтай жаңартылды. Нәтижесінде көптеген адамдарда сенімділік сезімі мен болашаққа деген сенім пайда болады. Өкінішке орай, бұл ұзақ уақытқа созылмады, еңбекшілердің интернационалдық тәрбиесінде кемшіліктер жіберілген деген жалған айып бойынша Л.И. Мирзоян саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

Жоғарыда көрсетілген лауазымға тағайындалғаннан кейін Н.Д. Оңдасынов облыстың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу бойынша жұмысқа белсенді түрде кіріседі. Мысалы, Нұртас Дәндібайұлы 1938 жылы 13 ақпанда облыстық атқару комитетінің төрағасы ретінде барлық аудандық басшылардан 1937 жылы атқарған жұмысы туралы есеп сұратады, бұл ретте олар бұл миссияны белгіленген мерзімде орындамайтынын көрсетеді. Осыған байланысты бұл мәселе атқару комитетінің отырысында қаралып, аудандық деңгейдегі басшыларды әрбір колхоздың табысы туралы мәліметтерді қоса алғанда, әрбір ауданның жалпы жағдайы туралы есеп беруге міндеттейтін шешім қабылданды [11].

Н.Д. Оңдасыновтың бастамасымен 1938 жылы 21 ақпанда облыстық партия комитеті бюросының отырысында Шығыс

Қазақстанда Кенді Алтайдың алтынын өндіруге байланысты мәселе қаралды. Нәтижесінде тиісті шаруашылық субъектілеріне аталған саладағы елеулі олқылықтарды жою, жұмысшыларды жаңа жабдықтармен қамтамасыз ету және алтын кендерінде қосымша барлау жұмыстарын жүргізу жөнінде қажетті шаралар қабылдау туралы тапсырма берілді. Мұрағат материалдарына сәйкес, Н.Д. Ондасынов 1938 жылы 14 наурызда облыстық кеңестің атқару комитетінің отырысын өткізеді, онда 18 бөлім басшыларын жинап, оларға облыс орталығын абаттандыруға, оның көшелері мен алаңдарын көгалдандыруға, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық мекемелердің жағдайын жақсартуға байланысты нақты тапсырмалар береді [12]. Тағы бір қабылданған маңызды шешім Ертіс өзені арқылы өтетін көпір құрылысына байланысты болды. Оның құрылысына 5759130 рубль қаржы бөлінді.

1938 жылдың 13 сәуірінде Шығыс Қазақстан облыстық кеңесінің атқару комитетінің отырысында «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» мәселе қаралды, онда неміс, татар, балқар және шешен ұлттарының балаларына арналған қазақ және орыс тілдерімен қатар, ана тілдерін меңгеруге рұқсат беретін арнайы мектептер ашу көзделген.

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Железов пен облыстық атқару комитетінің төрағасы Н.Ондасынов 1938 жылы 8 наурызда халық ақыны Жамбылдың 75 жылдық мерейтойын атап өту туралы шешім қабылдады. Ақынның мерейтойын Семей қаласында өткізу жоспарланған. Сонымен қатар газет редакторларына осы мерейтой бойынша қабылданған шешімді насихаттауды өрістету тапсырылды, аудан басшыларына аудан орталықтарында салтанатты кештерді өткізуді ұйымдастыру ұсынылды [3, 91 б.].

Шығыс Қазақстан облысының (Семей) жоғары өкілді және атқарушы органында Нұртас Ондасынов аз уақыт, тек алты ай ғана басшылық еткенімен, ол осы уақыт ішінде өзін шебер басшы және кәсіби ұйымдастырушы ретінде көрсете білді. 1938 жылы Шығыс Қазақстан облысынан Н.Д. Ондасынов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. Осы облыстың атқару комитеті төрағасы лауазымында алты ай жұмыс істеген соң оны Қазақстан Компартиясы ОК-ның бірінші хатшысы Н.А. Скворцов өзіне қабылдауға шақырады және ол Кеңхалком төрағасы лауазымына ұсынылатынын және ешқандай бас тартуға тиіс еместігін хабарлайды.

Профессор Г. Сағымбаевпен әңгіме барысында Нұрекеңнің өзі бұл жауапты қызметте алғаш рет болған кезде оған өте қиын болғандығын мойындайды. Республикалық ведомстволардың кейбір басшылары оның тапсырмаларын орындауға ниет білдірмей, оның тәжірибесіздігіне сілтей отырып, Н.Д. Оңдасыновқа шағымданып Қазақстан Компартиясы ОК хатшылары мен бөлім меңгерушілерінің кабинеттеріне жүгірді. Осындай сәттерде ол Н.А. Скворцовтан қолдау тапты. Енді оның барлық шешімдері сөзсіз орындала бастады. Нәтижесінде алғашқы екі жыл ішінде өзі басқаратын министрлер Кеңесінің беделі өсті және ол шаруашылық басшылығының нағыз штабына айналды. Бұл Н.Д. Оңдасыновтың тікелей бағынысында жұмыс істеген Сайлаубай Қайнарбаевтың, Қазтай Едігеновтың, Атымтай Қисановтың әңгімелерінде дәлелденеді: «Біз іскерлік және зияткерлік қасиеттері бойынша Нұртас Дәнібайұлынан асып түсетін Үкіметтің басқа басшысын танымаймыз. Ол талантты, жоғары білімді және талапшыл басшы болды, ол өз қабылдаған шешімін мүлтіксіз орындауға қол жеткізе алды. Біз оны төраға емес, басқарушы деп атадық». Мұндай пікірді Дінмұхаммед Қонаев да ұстанған, – дейді Г. Сағымбаев [13, 122-123 б.].

Біраз уақыттан кейін, Н.Д. Оңдасынов республика үкіметінің басшысы ретінде Мәскеуде Одақтық Үкіметтің отырысында «Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту жөніндегі шаралар туралы» мәселе көтерілді. Отырысты Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.М. Молотов жүргізді. Сол отырыста И.В. Сталинмен болған алғашқы кездесуді еске ала отырып, Н.Д. Оңдасыновтың айтқаны: «Мен көсемнің өзі осы отырысқа келеді деп ойламадым. Және кенеттен, бізге жасырын кіріп келген И.В. Сталинді көріп, менің сасқалақтағаным соншалық, сөйлей алмай қалып сөйлеуді тоқтаттым. Менің қатты толқуымды байқап, В.М. Молотов үзіліс жариялады. Ол мені И.В. Сталинге таныстырды: «Қазақстан үкіметінің жаңа басшысы. Ол жас, бірақ мал шаруашылығы мәселелерін жақсы біледі». И. В. Сталин оған: «Менің оны тыңдағым келіп еді, бірақ Вячеслав кейін маған айтып берерсің». Мұны айтқан ол өзіне шығып кетті». Осы эпизодтан кейін кейбір оппоненттер оны «қорқақ» деп атай отырып, Нұрекеңнің артынан күледі. Бірақ олардікі дұрыс болған жоқ, өйткені ұлы державаның билеушісімен кездескен кезде, оның үстіне бірінші рет кездескенде, тек 34 жаста ғана болған жас басшы Нұртас Оңдасынов қана емес олардың кез келгені абдырап қалар еді [13, 126-127 б.].

В.М. Молотовтың Н.Д. Оңдасыновтың Кремльде И.В. Сталинмен кездесуі кезіндегі оң пікірі ақталды. Нұртас Оңдасыновтың басшылығымен үшінші бесжылдықта Қазақстандағы мал шаруашылығы біршаманығая түсті. Республикада мал шаруашылығы саласына жаңа жүйе енгізілді. Жер алқаптарының ерекшеліктері мен материалдық мүмкіндіктеріне сәйкес әрбір шаруашылыққа мал шаруашылығы фермаларын ұйымдастыру жүктелді. Қабылданған шаралардың арқасында халықтың өмір сүру деңгейі біршама көтерілді. Мемлекет колхоздарға жаңа техника сатып алуға және қоғамдық мал басын арттыруға ақшалай қаражат бере бастады. Сонымен қатар шаруашылықтарда бидай, күріш, күнбағыс және картоптың егіс алқабы ұлғайды. Қазақстанның жоғарыда көрсетілген салаларында көрсеткен жетістіктері үшін Н.Д. Оңдасынов өзінің алғашқы жоғары наградасы – Ленин орденімен марапатталды [3, 111 б.].

«Республика үкіметінің басшылығында Н.Д. Оңдасынов болған жылдар негізінен елдің экономикасын көтеру жылдары болды», - дейді зерттеуші ғалым К. Енсенев өзінің мемуарында. Оның тікелей басшылығымен өлкеде қара металлургия, мұнай және көмір өндірісі жоғары қарқынмен дамыды. Көптеген зауыттар, фабрикалар және мал шаруашылығы фермалары іске қосылды. Қызылорда үлкен күріш егетін аймаққа айналды, Шымкент өзінің мақтасымен, Жамбыл және Талдықорған – қант қызылшасымен, Алматы – жеміс-жидек өнімімен, Семей – ет-сүт өнімімен, Атырау – өзінің мұнайымен танымал болды.

Мойынты-Шу және Қандыағаш-Гурьев темір жолдарының құрылысы Орынбор, Ташкент, Томск және Новосибирск темір жолдары бойынша осы ұтымсыз тасымалдарды қысқарта отырып республиканың оңтүстігін оның солтүстігімен тікелей қосты. Қазақстан Ресей мен Украинадан кейін үшінші орынға ие болып, елдің ірі мал шаруашылығы және астық базасына айналды. Республиканың атқарушы билігінің басшылығында болған кезінде Нұртас Оңдасынов Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен үлес қосты. Нәтижесінде мал басы артып, оның өнімділігі артты. Сол арқылы соғыс жылдарында Қазақстан майданды азық-түлікпен жабдықтауда шешуші рөл атқарды [3, 106-107 б.]. Мұрағаттар мен кітапханаларда Н.Д. Оңдасыновтың республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін растай алатын көптеген құжаттар сақталған. Мысалы, 1939 жылы

29 мамырда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.А. Скворцов пен Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Н.Д. Оңдасынов КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.М. Молотовтың атына Мойынты-Шу темір жолын салу қажеттігі туралы ұсыныс хат жолдады. Бұл мәселенің оң шешім табуы республиканың, соның ішінде бүкіл КСРО экономикасының дамуында үлкен рөл атқарды [14].

Н.А. Скворцов пен Н.Д. Оңдасынов 1940 жылы 27 қаңтарда Бүкілодақтық Коммунистік партия ОК Бас хатшысы (большевиктер) И.В. Сталиннің және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.М. Молотовтың атына жолдаған хатында Ембі мұнай ауданын одан әрі дамыту туралы мәселені көтереді. Бұл құжатта көрсетілгендей, осы кен орнында жұмыс істейтін трестке орнатылған 1940 жылға мұнай өндіру жоспары 1100 мың тоннаны құрап, 1939 жылдың көрсеткішінен 143 пайызға асып түсті. Бұған қосымша Құлсары мен Сағыздағы мұнай өндіру көлемі өткен жылғы көрсеткіштен 33 пайызға артық болып белгіленді. Осы өңірде мұнай өндірудің осындай ауқымды көлемін орындауды қамтамасыз ету үшін ауданның өндірістік мұқтаждарына қаржы бөлуді кем дегенде екі есе ұлғайту қажеттігі хатта көрсетіледі. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, бұдан әрі хатта, осы мұнай кәсіпшілігін жедел дамыту жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажеттігі, осы негізде Ембі ауданында 1940 жылы мұнай өндіруді 1100 тоннаға дейін жеткізуге болатындығы, ал келесі жылдары елдің мұқтажына қара алтын өндіруді едәуір арттыруға болатындығы көрсетілген [15, 74-75 б.].

Н.А. Скворцов және Н.Д. Оңдасынов 1940 жылы 28 тамызда И.В. Сталиннің, В.М. Молотовтың атына өзінің кезекті хатын жолдады, онда Атасу мен Қарсақпайда пайдалы қазбалар кен орындарына өндірістік барлау жүргізу туралы, сондай-ақ Қазақ металлургия комбинатын салу қажеттілігі туралы ұсыныс енгізді. Сонымен қатар, БКП (б) XVIII съезінің материалдарында үшінші бесжылдықта Атасу мен Қарсақпай кен орындарын, осы базада металлургиялық комбинаттың құрылысын жүзеге асыра отырып, өнеркәсіптік барлауды толық аяқтау көзделген. Енді бұл шешімнің орындалуын КСРО қара металлургия халық комиссариаты қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте металлургиялық комбинаттың құрылысы ел экономикасы үшін өте маңызды екенін ескеру қажет. Сондықтан, хатта, біз жоғарыда аталған комиссариатқа осы

комбинаттың құрылысын екпінді қарқынмен жүргізуге және оны 1942 жылдан кешіктірмей аяқтауды қамтамасыз етуге міндеттеу қажет деп санаймыз деп айтылған [15, 86-87 б.].

Н.Д. Оңдасыновтың айрықша іскерлігі және жоғары жауапкершілігі, салқынқандылығы және ұстамдылығы Ұлы Отан соғысы кезінде ерекше көрінді. Ол Үкімет басшысы ретінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.А. Скворцовпен бірге радио арқылы және баспасөз беттерінде сөз сөйледі, онда күш пен қаражатты аямай, сүйікті Отанын қорғауға дайын болуға шақырды. Осыдан кейін барлық жерде, барлық кәсіпорындарда, зауыттарда және фабрикаларда, ауылдарда және кенттерде неміс-фашистік басқыншылармен күресудің барлық күштері мен құралдарын жұмылдыруға арналған митингтер өткізілді. Республикада төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесі жанынан жұмылдыру жұмыстарын жедел ұйымдастыру жөніндегі Бюро құрылды, оны Н.Д. Оңдасынов өзі басқарды. Республикада атыс және атты әскер бригадалары құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қырғызстанның шұғыл шақырылған азаматтарынан 316-атқыштар дивизиясы құрылды. Оған қосымша, алғашқы үш айда 238, 310, 314, 357 және 391-атқыштар дивизиясы құрылды, оларды майданға Нұртас Оңдасынов тілек сөздерімен шығарып салды.

Республикада халық шаруашылығын әскери жағдайға қайта құру жұмыстары басталды. Орталық және облыстық мемлекеттік органдар мен мекемелердің жанынан жұмыс күшін бөлу бюросы, халықты көшіру, әскери тапсырыстарды орындау, көшірілген жабдықтарды жинау бойынша бөлімшелер құрылды. 1941 жылдың шілде айының ортасына қарай Қазақстанға көшірумен келген халықтың саны 386 мың адамға жетті. Халықпен бірге 142 көшірілген зауыт пен фабрикалар келді. Көшірілген адамдардың үштен бірі қалаларда ірі кәсіпорындар бойынша орналастырылды. Республикаға жетім балаларға арналған 149 үй қоныс аударды. Көшірілген тұрғындар мен кәсіпорындарды жайластыру жөніндегі міндеттер Үкімет пен жергілікті атқарушы комитеттердің мойындарына жүктелді [3, 125-17 б.].

Қан төгілген соғыстың барлық қиыншылықтары мен тауқыметтерге қарамастан, Қазақстанда сол жылдары Кеңхалком төрағасы Нұртас Оңдасыновтың бастамасымен және тікелей қатысуымен жүздеген өнеркәсіптік және мәдени нысандар іске қосылды, бірнеше

жоғары оқу орындары ашылды. Осы нысандардың барлығын санамағанда, 1942 жылы қазіргі «Қармет-Испат» металлургиялық комбинатының іргетасы қаланған Қазақ металлургия зауытының құрылысына тоқтаған жеткілікті.

Осылайша, халық үшін ең ауыр соғыс жылдарында Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің іргетасы қаланды. Бұл туралы Нұртас Ондасынов өз естеліктерінде бізге келесі мәліметтерді жеткізеді: «Қазақстанда соғысқа дейін қара металлургия болған жоқ. Халық шаруашылығы үшін қажетті металдар алыстан қиындықпен жеткізуге тура келді. Сондықтан Республика Үкіметі БКП(б) орталық комитетінің қарауына Қарағанды маңында шикізат ретінде жергілікті металл сынықтарын пайдалана отырып, болат балқыту зауытын салуды қарастыруға енгізді. Және біз қолдау таптық... Зауыт құрылысы қиын соғыс кезіне тап келді. Мұндай жағдайда біз Мәскеуден, Мемлекеттік қорғаныс комитетінен көмек сұрадық. Көмектің мәні - екі мың жас жігіттің әскер қатарына шақырылуын кейінге қалдыру, оларды зауытта жұмыс істеуге қалдыру. Бұл қиын жағдай болды. Бірақ басқа жол болмады. Дегенмен, мәселе біздің пайдамызға шешілді. Орталық комитет біздің пікірімізбен келісті. Сондықтан екі мың жігітті Магнитогор және Новокузнецк металлургиялық комбинаттарына оқуға жібердік.... Теміртау қаласының даму мәселелері бойынша министр И.Ф. Тевосянға бірнеше рет баруға тура келді. Ол бұл істе бізге үлкен қолдау көрсетті..... Министрмен болған келесі кездесу кезінде оған соңғы уақытта айтарлықтай өсіп, енді қалаға айналған Самарқан кентінің даму келешегі туралы хабарланған болатын. Бұл хабарды естігенде, И.В. Тевосян менен: «Ал сіз бұл қаланы қалай атадыңыз, себебі Өзбекстанда да Самарқан қаласы бар ғой?».... Құжаттарға қол қою кезінде Сізбен комбинат салынып жатқан жердің ең болмаса шартты түрдегі тура дәл атауын көрсетуіміз керек. Осы жерде бірден маған сұрақ қойды: «железо» сөзі қазақ тілінде қалай естіледі? Мен: «темір» деп жауап бердім. Бұл сөзді екі рет қайталап, министр қуаныштан айқайлап жіберді: «Қаланы «Темір» деп атаған жөн деді. Сол кезде маған «темір» (темір) ғана болмауы керек, көп «темірлер» (темір) болуы керек деген ой келді. Мен оған бірден бұл туралы айттым және былай дедім: «Егер қаланы «Теміртау» деп атасақ, сіз мені қалай қолдайсыз ба?». Ол тағы да қуанып, бірден менімен келісті. Қала екі сөзден тұратын «Теміртау» деп аталды: «Темір» (И.Ф. Тевосян ойлап тапты) және «тау» (мен ұсынған). [2, 90-91б.].

Нұртас Оңдасынов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі ретінде мәдениет саласын дамытуға жауапты болды. Оның қолдауының арқасында, тіпті қиын соғыс жылдарында да республикада Қазақ Мемлекеттік консерваториясы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты ашылды, Абай атындағы Қазақ опера және балет театрының құрылысы аяқталды, Қазақ КСР Ғылым Академиясы ғимаратының іргетасы қаланды. Нұртас Оңдасынов театр, кино және бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту мәселелерін күнделікті қадағалап отырды [2, 5-6 б.].

Мәселен, Халық Комиссарлары Кеңесінің 1941 жылғы 12 қыркүйектегі қаулысымен Алматы көркем фильмдер киностудиясы құрылды, 1944 жылғы 25 қаңтарда ол Алматы көркем және хроникалық-деректі фильмдердің киностудиясы деп қайта аталды. Үкімет басшысы Н.Д. Оңдасынов соғыс жылдарында көшірілген «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудияларын Алматыға орналастыруға қамқорлық көрсетіп, оларға оннан астам көркем және деректі фильмдерді түсіруге қажетті жағдай жасайды. Сонымен қатар, жауынгерлер алдында өнер көрсету үшін Қазақ мәдениет шеберлерінің концерттік бригадаларына майданға аттану туралы тапсырма береді. Соғыстың барлық ауыртпашылықтарын өздеріне алған халқының рухын қолдау үшін, 1943 жылы 11 желтоқсанда Алматы қаласында ақындар айтысын өткізу туралы шешім қабылдап, оларға лайықты сыйлықтар тағайындау туралы нұсқау береді. Н.Д. Оңдасынов соғыс жылдарында М. Әуезовтың «Абай» романының алғашқы томын Сталин сыйлығына ұсынады [15, 9 б.].

Үкімет басшысының жұмысын істеген кезеңде Н.Д. Оңдасынов республиканың түрлі салаларында жұмыс істеу үшін білікті кадрларды тартуға елеулі көңіл бөлді. Мысалы, 1942 жылы өзінің іссапарларының бірі кезінде ол Лениногор түсті металдар комбинатының директоры Дінмұхаммед Қонаевпен кездесіп, оны өзінің орынбасары ретінде жұмысқа шақырады және тоғыз жыл бойы олар бір салада жемісті және тату еңбек етеді. Екінші кезең – ғылыми салаға қатысты. Н.Д. Оңдасынов Қазақстан Ғылым академиясын құрудың бастамашысы болып табылады және оның Тұңғыш президентігіне Қаныш Сәтпаевты ұсынады. Сонымен қатар, ол Қ. Сәтпаевты 1943 жылы КСРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, кейін оның нақты мүшесі ретінде сайлауға белсенді түрде жәрдемдеседі. Үшінші мысал – бұл жерде оның алғашқы қазақ мүсіншісі Хакімжан Наурызбаевтың тағдырына қатысуы туралы. Н.Д. Оңдасынов, 1943

жылы Қостанай облысында іссапарда болғанда саздан жануарлардың әр түрлі фигураларын жасанды мүсіндеуге қабілетті жасөспіріммен кездейсоқ кездеседі. Ол бірден оны Астанаға оқуға шақырады. Бір жылдан кейін Хакімжанды Алматыға алып кетеді, оған білікті маман ретінде білім алу үшін барлық қажетті жағдайлар жасайды [2, 6-7 б.].

Зерттеушілердің пікірінше, Н.Д. Оңдасынов соғыс жылдарында да, одан кейін де ерекше іскерлік пен жоғары ұйымдастырушылық дарындылықты көрсеткен басшылардың сирек кездесетін тобына жатады. Бұл Ертіс-Қарағанды, Арыс-Түркістан, Мырзашол арналарын салуға, Атырау, Теміртау, Жезқазған және Балқаш зауыттарын, Мойынты-Шу темір жолын салуға, басқа да үлкен құрылыстарды салуға байланысты ең жауапты кезең болды.

1954 жылы наурыз айында Мәскеудегі Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Н.Д. Оңдасынов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып сайланады. Осы жоғары лауазымдағы жұмыс кезінде ол көптеген маңызды заңдарға қол қояды[16]. Өкінішке орай, сол лауазымда тек бір жыл жұмыс істеп, Нұртас Дәндібайұлы өз еркімен Гурьев облыстық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметіне ауысуға мәжбүр болады. Алайда, ол оны басқару жұмысының салыстырмалы түрде төмен тұрған сатысына ауыстырғандығы туралы уайымдамады да. Ол бұрынғысынша қалың топтың ортасында болды және халық мүддесі үшін ең күрделі мәселелерді шеше алды.

Алдымен Гурьев облыстық халық депутаттары Кеңесінің Атқарушы комитетінің төрағасы, содан кейін 1957-1962 жылдары облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істей жүріп Н.Д. Оңдасынов Атырау-Маңғыстау өңіріне әбден сіңісіп кетті. Мемлекет және қоғам қайраткері Сағидолла Кубашевтың әңгімелері бойынша, Н. Оңдасынов осы облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласының жан-жақты дамуына бірінші дәрежелі мән бере отырып, сонымен қатар, облыстық партия комитетінің аппаратын қазақ ұлтының жергілікті қызметкерлері қатарынан кадрлық нығайтуға елеулі көңіл бөлді. Ол келгенге дейін облыстық деңгейдегі кадрлардың басшылық құрамы ғана емес, тіпті аудандық буыны да сырттан әкелінген. Енді бәрі өзгерді. Нәтижесінде жергілікті кадрлардың құрамы тұрақтанды, олардың келешектік өсуі байқалды. Сонымен қатар, Нұреке өлкедегі мұнайшыларға қамқорлық көрсетіп, олардың пікірлеріне мұқият құлақ салып, олардың бағалы бастамаларын әрдайым қолдап отырды. Оның

тәрбиесінен өткендердің көбі түрлі қызмет салаларында жемісті еңбек етіп, өздерін тек жақсы жағынан көрсете білді. Олардың қатарында М. Есенов, З. Камалиденов, С. Өтебаев, Ж. Досмұхамбетов, О. Көшеков, Ғ. Сағымбаев, Ж. Танкибаев және т.б. сынды белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері бар.

Нұртас Оңдасынов 58 жасқа жетпей зейнеткерлікке шықты. Оның басшылық қызметінен мезгілсіз кетуі тек өзіне ғана емес, Гурьев (Атырау) облысының партия-кеңес активіне да зиян келтірді. Атырау халқы Нұрекеңмен қимастықпен қоштасты [17]. Нұртас Дәндібайұлы 1962 жылы зейнетке шыққаннан кейін, Мәскеу қаласына көшіп, 1989 жылға дейін ол жерде ғылыми-зерттеу қызметімен айналысты. 1989 жылы қайтыс болғаннан кейін ол отаны Түркістанға жеткізіліп жерленді.

Ұзақ уақыт бойы Үкімет төрағасы қызметін атқарған Н.Д. Оңдасынов экономиканың, ғылым мен білімнің дамуына, сондай-ақ республиканың ұлттық кадрларын даярлауға елеулі үлес қосты. Бұл қызметке 1938 жылдың жазында тек 34 жасында кіріскен, ол елде әлі жаппай саяси қуғын-сүргін жалғасқан ең күрделі уақытта үлкен жауапкершіліктің жүгін өзіне салды. Үкімет басшысы лауазымында болу ұзақтығы бойынша оны Байкен Әшімов ғана басып озды. Бірақ Байкен аға үкіметті «кемел социализм» деп аталатын дәуірде басқарды, кейінірек тоқырау және құлдырау кезеңі басталады. Ал Нұрекең атқарушы билік рөлінде қиын, соғыс алдындағы және қатал соғыс жылдарында, сондай-ақ соғыстан кейінгі қиын кезеңде болған [2, 4-5 б.].

Жалпы алғанда, Нұртас Оңдасыновтың есімі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының белгілі бір кезеңімен тығыз байланысты. Ол Үкімет басшылығының 13 жыл бойы жұмыс істей отырып, өз Республикасының экономикасы мен рухани саласын дамытудың ірі мәселелерін шешуге бастамашылық жасауға қабілетті мемлекет қайраткері деңгейіне көтерілді, сол арқылы ол жоғарыдан келіп түскен тапсырмаларды ғана мүлтіксіз орындаған қатардағы атқарымпаз болған жоқ.

Нұртас Оңдасынов кеңестік кезеңде, И.В. Сталиннің өзі дәуірінде, партия ОК Саяси Бюросының басшылығымен бірге, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшылары Н.А. Скворцов пен Ж. Шаяхметовпен тығыз достастықта, бірге еңбек етті. Ол олармен бірге И.В. Сталиннің қабылдауында бірнеше рет болды, жоғары деңгейдегі форум жұмысына қатысты [18, 228 б.].

Алайда, сталиндік соң кезеңнен соң жоғарыда көрсетілген қадір-қасиеттер және жалпы оның бірбеткейлігі мен мінезінің табандылығы Н.С. Хрущевқа ұнамаған. Осының салдарынан, өкінішке орай, 58 жасында, Н.С. Хрущевтың құпия тапсырмасы бойынша Нұртас Оңдасынов зейнеткерлікке шығады. Н.С. Хрущевпен ол өз уақытында үш түбегейлі мәселе бойынша келіспеді. Олардың алғашқы екеуі Қазақстандағы тың жерлерді игеруге және Оңтүстік Қазақстанның жекелеген аудандарын Өзбекстанға беруге қатысты. Үшінші мәселе Маңғыстау мұнай кен орындарын игеруге қатысты көтерілді. Орталық билік басшысы Батыс Қазақстан мұнай-газ аймағының Сібірдің пайдасына дамуына үзілді-кесілді қарсы шықты. Н.С. Хрущевке ол кезде Қазақстанның мүддесін жанталаса қорғайтын Н.Д. Оңдасыновтың ұстанымы ұнамады. Бұл үшін ол қуғынға ұшырады. Бірақ Н.Д. Оңдасынов сол кезеңнің «волюнтаристы» болған билеп-төстеуші Н.С. Хрущевтың алдында төмендеп, басын имеді.

Зейнеткерлік демалысына шыққан кейінгі Нұртас Оңдасыновтың өмірінің соңғы жылдары Мәскеуде өтті. Ол отбасы жағдайына байланысты Мәскеуге көшіп кетті деген қауесет расталмады. Егер осы мәселенің мәніне тереңірек қарасақ, кейбір ықпалды күштер өздерінің тырысуларымен Нұрекеңді қалған өмірін өзінің үйреншікті ортасында өмір сүрмей, мүмкіндігінше олардан алысырақ болғанын қалағандай және оны өзінің пікірлестерінен алыстату үшін қол жеткізгендей әсер қалдырды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін ол ғылыми қызметпен айналысты. «Араб-қазақ» және «Парсы-қазақ» басылымдарына түсіндірме сөздіктерді дайындады. Сонымен қатар КОКП Орталық Комитетінің марксизм-ленинизм институты жанындағы коммунист-ардагерлердің тарихи-әдеби бірлестігі бюросының мүшесі, сондай-ақ оның қазақ секциясының жетекшісі болып жұмыс істеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаев, Тарих толқынында Алматы: Атамұра, 2003, – 286 б.
2. Н. Оңдасынов, Ой-толғаныстар мен естеліктер. Құрастырып, баспаға әзірлеген Г. Оразалиева. – Астана; Елорда. – 264 б.
3. Қ.Ә. Еңсенов, Нұртас Оңдасынов. Монография. – Шымкент. «Азиат» баспа үйі, 2017. – 408 б.

4. Қ. Ергебөк, Түркістан жинағы (Алтыншы кітап). – Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2015. – 49-52 бб.
5. Н.Оңдасынов, Ғаниден ғибрат. // «Лениншіл жас» газеті, 29 қазан, 1986. – 2-б.
6. ҚР орталық мемлекеттік мұрағаты. 2330 қор, 1 тізімдеме, 18 іс, 5-6 б.
7. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты. 40 қор, 1п тізімдеме, 15 іс, 13-14 пп.
8. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты. 218 қор, 2 тізімдеме, 5 іс, 36 пп.
9. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты. 28 қор, 2 тізімдеме, 2 іс, 10, 41-45-б.
10. ҚР орталық мемлекеттік мұрағаты. 74 қор, 49 тізімдеме, 68 іс, 6-8 пп.
11. Шығыс Қазақстан облысы Қазақстанның қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының мұрағаты. 15 қор, 1 тізім, 102 іс, 190-191 бет.
12. Шығыс Қазақстан облысы Қазақстанның қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының мұрағаты. 409 қор, 1 тізімдеме, 513 іс, 8 б.
13. Н. Оңдасынов, Өмірбаяндық деректер. Ой-толғаныстар. Мақалалар мен естеліктер. Құрастырған Г. Оразалықызы. Алматы: Білім, 2012. – 320 б.
14. ҚР орталық мемлекеттік мұрағаты. 1137 қор, 3 тізімдеме, 61 іс, 142-б.
15. Нұртас Оңдасынов. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: «Абди Компани» АҚ, 2014. - 968 б.
16. ҚР орталық мемлекеттік мұрағаты. 1109 қор, 3 тізім, 142 б. ҚР Орталық мемлекеттік архиві.1109-қор, 3-тізімдеме, 348-іс, 14-22-п.
17. Сағидолла Құбашұлы. Өз заманының ұлы тұлғасы. Жазып алған Гүлсім Оразалықызы («Жас Алаш», 27 қазан 1994 жыл).
18. Қирабаев С. Өмір тағылымдары. Естеліктер. – Алматы: «Білім», 2006.

Қанат ЕҢСЕНОВ

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі,
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты*

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ:
ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ**

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада Қазақстан Республикасындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы, қалыптасуы және қызметі туралы баяндалған. Сондай-ақ, еліміздегі этносаралық қатынастың Қазақстандық үлгісі зерделенген.

Түйін сөздер: Қазақстан, тәуелсіздік, достық, ынтымақтастық, келісім, толеранттылық, қоғамдық келісім, Ассамблея.

Канат Енсенов

**АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА: УЧРЕЖДЕНИЕ И
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ**

Аннотация. В данной научной статье описывается учреждение, становление и деятельность Ассамблеи народа Казахстана в Республике Казахстан. А также изучается Казахская модель межэтнических отношений в стране.

Ключевые слова: *Казахстан, независимость, дружба, сотрудничество, соглашение, толерантность, социальное соглашение, Ассамблея.*

Kanat Yensenov

ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN: ESTABLISHMENT AND ACTIVITY

Annotation. This academic paper describes establishment, development and activity of Assembly of People of Kazakhstan in the Republic of Kazakhstan. As well as considers Kazakhstani inter-ethnic relations model in the country.

Key words: *Kazakhstan, Independence, Unity, Partnership, Agreement, Tolerance, Social Agreement, Assembly.*

Қазақстан халқы Ассамблеясы – 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылады [1]. Жиырма жылдан асқан тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді басынан кешірді. Оның дамуы барысында Н.Ә. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйымдастырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгін Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Еліміздегі халықтардың татулығы жайында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы «Тарихи зерде кешіндегі сөз» тақырыбындағы баяндамасында: «...Жас мемлекетіміздің қуаттылығы, оның танылуы мемлекеттің өзіндік дербес жүргізіп жатқан ұлт саясаты мен халқының бірлігіне, ұйымшылдығына, ынтымақшылдығына және отаншылдығына байланысты болмақ. Шынайы тәуелсіздікке жетуіміз барлығымызға бұрынғыдан да гөрі салмақтырақ жауапкершілік артты, олардың ішінде әсіресе ұлтаралық жарасымдылықты республикамыздағы көршілес, жері іргелес елдермен өзара достық, өзара тиімді экономикалық мәдени, рухани байланысты нығайту үшін де аса маңызды алғышарт болып табылады» [2], – деді.

Егер біздер өркениетті елдер қатарына қосыламыз десек, сөз жоқ, адамзат баласы қалыптастырған баршаға ортақ қағидаларға бой ұсынып, соларға қарай бірте-бірте аяқ басуымыз керек. Ол үшін

өзімізге-өзіміз сын көзбен қарап, бойымызда бар, ұлтымызға тән қасиеттерді әрі қарай дамытып, жетілдіре түсуіміз қажет.

Біздің елімізде Отансүйгіштік идеясы қашанда қоғамның жалғыз рухани тұрмыс-тіршілігінде ғана емес, сонымен бірге қызметінің барлық мейлінше маңызды – мәдени, идеологиялық, саяси және т.б. салаларында ерекше орын алды. 2008 жылдың 6 ақпанында Елбасы Н.Ә. Назарбаев ҚР Парламенті қос палатасының мәжілісінде Қазақстан халқына кезекті Жолдауын таныстыра отырып, Қазақстанның саяси және мемлекеттік құрылыс үлгісін одан әрі жетілдіру, әрі оны жалпыға ортақ демократиялық даму заңдылықтары мен қоғамымыздың дәстүрлерін ұштастыру жолымен ілгері басу қажеттілігін қадап айтты. Одан әрі Президент тәуелсіз еліміздің жетістіктерін тізе келе, «біз қоғамдық келісім, ұлтаралық татулықты қамтамасыз етудің, қазақстандық бірегейлік пен жалпы қазақстандық отансүйгіштіктің жеке үлгісін жасай алдық» – деді [3].

Сондағы Елбасының жалпы қазақстандық отансүйгіштік деп меңзеп тұрғаны не? Әрі біз Қазақстан халықтары емес, халқын қалайша түсінуіміз керек? Осы орайда, отандық ғалым Р.Б. Әбсаттаровтың мына бір пікірімен әбден келісуге болады. Ғалымның пікіріне қарағанда, Қазақстан халқы деп ғылыми ұлттық саясат пен ұлттық қатынастар қарқынының негізінде дамитын халықтардың этносаяси қауымдастығы деп түсінген абзал [4].

Мемлекет басшысы 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясындағы сөзінде мемлекетіміз әу бастан ұлттық қауымдастық емес, азаматтық қоғам құруға бағытталғанын атап өтті. Адам баласы өткен ғасырдың соңғы он жылдығына аяқ басқан шақта әлемдегі ең алпауыт мифтерінің бірі – «біртұтас кеңес халқы» туралы аңыз ғайып болды. Бүгінгі ұрпақ кезінде Кеңес үкіметінде орын алған ұлттық саясат қатаң субординация, аға мен іні халықтарына бөліну, зорлық-зомбылық пен шектеушілік қағидасына негізделгенін біледі. Сонымен бірге, ұлт мәселесінің оң шешілмеуі де ақыр соңында КСРО атты алып мемлекеттік құрылымның құрдымға кетуіне әсер еткенін түсінеді.

Әрине, әлемдік тәжірибе модернизацияның аумалы-төкпелі заманында кез келген мемлекет күрделі әлеуметтік қайта құруларды бастан кешетінін көрсетеді. Әрі мұндай үдеріс дәстүрлі салт-сананың жойылуымен, жылдар бойы қалыптасып, адам бойына сіңіп қалған арман-мұраттардың, бағыт-бағдарлардың, құндылықтардың түбегейлі өзгеруімен, әрі, бұлардың салдары ретінде, идеологиялық вакуумның пайда болуымен қатар жүретіні хақ. Ендеше, тәуелсіздік

таңындағы осындай жағдайдың күллі посткеңестік кеңістікте орын алғаны заңды еді. Бұған қоса, көпұлтты да мәдениеті алуан түрлі қоғамда идеологиялық қайта құрулар күрделі өтетіні, ал мұның салдары елде түрлі ұлттық бірегейліктердің қалыптасуына әкеп тірейтіні аян. Сондықтан да, тәуелсіздік табалдырығын аттаған жаңа да жас мемлекетіміздің алдында, әсіресе оның ұлттық саясаты екі аса маңызды мәселені шешуі тиіс болды. Оның бірі де бастысы мемлекет құраушы ұлт ретіндегі қазақтардың құқықтарын жүзеге асыру болса, екіншісі республиканың өзге ұлт өкілдерінің Қазақстан Республикасының тең құқықты азаматы ретіндегі құқықтары мен бостандықтарын қорғау еді. Екі мақсаттың да қазір орындалып жатқанын байқап отырмыз.

Соңғы жылдары Қазақстан қоғамы, елдің ішіндегі ұлтаралық байланыстар қатты өзгерді. Экономика мен саясат саласында орын алған реформалар нәтижесінде жаңа әлеуметтік топтар қалыптасты, қоғамда еркін ойлау мен тағаттылық берік орнықты. Демократияландыру Қазақстан халықтарының тілдері мен мәдениетінің жандануы мен дамуына ықпал жасады. Бұл үрдіс барлық қазақстандық этностардың халықаралық қатынастарды үйлестіре алатын ортақ азаматтық қоғамдасуы негізінде жүзеге асырылып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы қазақстандық отансүйгіштіктің негізгі құрамдас бөліктерін айқындап берді. Ол: Отаны мен жерін сүю, тарихы мен мәдениетін құрметтеу, әркімнің өз күшіне сенуі мен тұтас қоғам болып бірігуі, тарихқа қатыстылығын сезіну мен елінің болашағына деген зор жауапкершілік. Бұл – әрбір қазақстандықтың табысына қуану мен сол қуанышқа ортақтаса білу, әрі қандай салада болмасын Қазақстанның өркендеуі үшін аянбай қызмет ету мен биік шыңдарға жету. Және кез келген азамат өз жетістіктерінің барлығын Отанына, оның мәртебесі мен халықаралық дәрежесін еселеу үшін арнау керек.

Отансүйгіштікпен өте жақын болып келетін мемлекеттік маңызды мәселе – ол, әрине, мемлекеттік тіл мәселесі болып саналады. Себебі мемлекеттік тіл мемлекеттік рәміздердің әрқайсысы – елтаңба, әнұран, ту – сияқты мемлекеттің жоғары символы ретінде танылады.

Қазақстанның тілдік бірлігі, қазақ және орыс тілдері өзара түсіністік пен өзара құрмет символдарына айналуы Қазақстанның тұрақтылығы мен көркеюінің кепілі бола алады. Қазақ жұртының барлығы дерлік қазір орыс тілін меңгеріп алған. Бұл – оның ұлы қазынасы, ешқашан жоғалмайтын жетістігі. Қазақтар орыс тілі

арқылы адам баласының жоғары мәнге ие асыл қазынасын, басқа халықтардың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін таныды. Алайда, Қазақстан халқының орыс тілді бөлігінің қазақ тілін үйренуге немқұрайлығы, әлі де болса, жоғары деңгейде. Осы мәселеде ешқандай үгіт-насихат пен патриоттық үндеулер оң нәтиже бере алмай келеді. Өкінішке орай, қазақ тілін жоғары жақтан енгізу де орыс тілді халықтың белсенді бөлігінің Қазақстаннан кету ниетін арттыруы ғажап емес. Сондықтан Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында жұртымыздың бір – қазақ немесе орыс – тілімен шектелмей, кем дегенде үш тілді меңгеру қажеттігін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін ойлап тілдесу керектігін қадап айтты [5].

XII Ассамблеяда Н.Ә. Назарбаев еліміз құрметке лайық, әрі бәсекеге қабілетті бола білсін десек, бәріміз біртұтас, әрі ынтымағы жарасқан, ортақ құндылықтар мен үйлесімді тілдік ортасы бар, өткенге емес, болашаққа бағдарланған ұлт болуымыз шарт.

2006 жылы қабылданған «Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің 2006–2008 жж. арналған қазақстандық үлгісінің бағдарламасында» елімізде 130 ұлттар, ұлыстар мен этникалық топтардың өмір сүретіндігі аталып өтті. Бірақ оларды 130 ұлт пен ұлысқа бөлудің белгілері көрсетілмеген. Тіпті, Қазақстан Республикасының Конституциясы да азаматтарды ұлттық белгілерге қарап алалауға болмайтыны ескертеді. Ендеше, Қазақстан халқы этникалық тұрғыдағы алуан түрлілігіне қарамастан, біртұтас жұрт болып табылады. Ал қазақтар болса – мемлекет құраушы ұлт. Бұл оның ұлттық артықшылығы емес, азаматтық ұстанымы. Тек қазақтар ғана Қазақстанда тұратын барлық ұлттық игілігін қамтамасыз етіп, қоғамды түрлі, әсіресе ұлтаралық араздықтан аман сақтауы тиіс. Сондықтан, өзге ұлт өкілдері бұған түсіністікпен қарайды, себебі бұл – біртұтас мемлекеттегі қарым-қатынас пен бейбіт қатар өмір сүрудің табиғи да тарихи заңдылығы. Онсыз мемлекетте қарама-қайшылықтардың қордаланып, дау-жанжалға ұласуы мүмкін.

Қазақстандық отансүйгіштік тек қазақтардың отансүйгіштігіне негізделуі керек. Қазақтардың өздері ғана Отанын сүйсе, мемлекетін қастерлесе, тарихын құрмет тұтса, дәстүрге, мәдениетке, тілге берік болса, өзге ұлтқа үлгі бола алады, әрі осының бәрін өзге ұлттан талап ете алады. Қазақтар, сонымен бірге, елдің рухани және материалдық құндылықтарын байытқаны үшін, әрі олардың осы жолда ерен еңбегі үшін өзге ұлт өкілдеріне қарыздар екенін ұмытпауы тиіс. Олардың ортақ үйміздегі береке-бірлігі мен жан рахаты гүлденген

Қазақстанның маңызды шарты саналады. Қазақтар өзге ұлт өкілдері алдындағы беделін өсіріп қана өз тарихын, тілі мен мәдениетін тануға деген қызығушылықтарын арттырады.

Қазақстан жеріне әртүрлі кезеңдерде тағдырдың жазуымен қоныс аударып келіп, тұрақтанған өзге ұлт өкілдері баршылық. Олар бүгінгі күні әлемдік қауымдастыққа Қазақстан Республикасы атауымен енген елдің азаматтары ретінде өмір сүруде. Көпшілігі кеңестік тоталитарлық жүйе үстемдік құрған шақта күштеп көшірілген халықтар еді. Олар тағдырдың тәлкегіне ұшырап қуғындалып келгенде, жергілікті қазақтар өз жағдайлары аса мәз болмаса да, қолдан келген көмектерін жасап, аман-есен тұрып кетулеріне жәрдемдесті. Бірқатар ұлттардың өкілдері саяси қуғындау аяқталып, құқықтары қайта келтірілген уақытта Отандарына қайтты. Кейбіреулері тұрақтап қалды. Қазіргі уақытта олар Қазақстан азаматтары ретінде барлық салада еңбек етіп, елдің дамуына үлес қосуда.

Еліміздің тәуелсіздік алған уақытынан бері қазақ халқы өзге ұлт өкілдерімен саяси тұрақты және ұлтаралық келісімде өмір сүруде. Бұл ширек ғасырға жуық уақыт аралығында этносаралық қарым-қатынастың Қазақстандық үлгісінің қалыптасқандығын байқатады. Ал, елдегі азаматтардың ортақ Отан сүйгіштігі мен ұлтаралық келісімі, ол бейбіт және тату өмір сүрудің нәтижесінде қалыптасатындығы сөзсіз.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеттің құрылымдық элементі патриотизм болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын. Тәуелсіздік алған уақыттан бері қазақстандық қоғам тіршілігінің барлық жүйелерінде жүріп жатқан түбегейлі жаңару процестері едәуір дәрежеде оның мәдени-әлеуметтік саласын да қамтыды. Бүгінде халқымыздың тарихи тәжірибесін қайта бағалау, дәстүрлі-өнегелік негіздерді өзгерту және соның нәтижесінде қазақстандықтардың жаңа саяси санасын қалыптастыру жасалуда [6].

Қазақстанды қоныстанған көпэтносты халқымыздың азаматтық, ашық, зайырлы, демократиялық саяси-экономикалық жағынан тәуелсіз қоғам орнатуға бір кісідей жұмылған біртұтас Қазақстан халқының толеранттылығын, конфессияаралық және ұлтаралық келісімін, туысқандық бірлігі мен достығын одан әрі дамытып, нығайтуды көздеген Қазақстан халқы Ассамблеясы өз алдына қойған мақсаттарын абыройлы атқаруда. Оны біз бүгінгі таңдағы еліміздің

экономикасының қарыштап дамуы мен елдегі саяси тұрақтылықтан және Қазақстанда мекен ететін барлық ұлыстар мен ұлттардың бір кісідей жұмылып, оны әлемнің дамыған зайырлы мемлекеттері қатарына қосуға деген ұмтылыстарынан байқаймыз.

Осы тұста өзінің тарихында, жалпы, мемлекеттік құрылымдық ғұмырында Қазақстан ерекше ел болып қалыптасқанын айта кеткеніміз абзал. Өзінің тағдыр-талайында, біртұтас бола білудің жауапкершілігін көрсеткен кезеңі ондағы ұлттар мен ұлыстардың үлкен жауапкершілігін көрсетсе керек. Біздің бақытымыз да сол, Қазақстан аз уақыттың ішінде әлемдік қоғамдастықтың алдыңғы қатарлы көшіне қосылды [7].

Еліміздің тарихында қазақ халқының патриотизмі маңызды орынға ие. Өз еліне қызмет етуден көрінетін Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі болған және солай болып қала бермек.

Әлемдегі кез-келген Қазақстан секілді көпэтностты мемлекеттің өзінің тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтаудың негізгі шарттарының бірі – ол оның азаматтарының ұлтқа бөлінбей, бір қауымға, тұтас халық дәрежесіне біріктіру мәселесі алынады. Сондықтан, Қазақстан билігі өз азаматтарының ұлтқа бөлінбей, бір қауымға, тұтас халық дәрежесіне біріктіру саясатын ұстанған. Бұл бағытта негізгі назар әр ұлт өкілдерінің республика азаматы ретінде саяси топтасуы қарастырылған және ол ұлттардың мүдделерінің ортақтығына қатысты құрылып, мемлекеттік саясаттың жалпыұлттық құрылысында есепке алынуы қажет.

Қазіргі таңда Қазақстандағы жалпы ұлттық құрылыстың негізгі құрылымының бірі ретінде ұлттық плюрализм алынып отыр. Аталынған бағыттың жүзеге асырылуы барысында біршама жетістіктерге қол жеткізілген. Мысалы, біріншіден, әлеуметтік зерттеу деректеріне сай қазақстандық тұрғындардың басым бөлігі өздерін Қазақстан Республикасының азаматы деп санайтынын мәлімдеген. Екіншіден, Қазақстанда тұратын этнос өкілдеріне өздерінің ұлттық-мәдени мүдделерін жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасалған.

Қазақстан өз тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ көпэтностты және түрлі дінді ұстанатын қоғамда этностардың өзгешелігі мен бірігуін сақтауға негізделген этносаралық қатынастарды қамтамасыз ететін өзіндік айрықша үлгі қалыптастырған [8].

Этносаралық қарым-қатынас республика өмірінің барлық салаларындағы адамдар тіршілік әрекетінің мейлінше мәнді бір қыры

болып табылады. Өзара байланыс, өзара әрекеттестік, материалдық және рухани өндіріс өнімдерімен, біліммен, ақпаратпен, дағдылармен алмасушылық табиғи түрде қарым-қатынас нәтижелігіне, қойылған мақсаттардың жүзеге асырылу дәрежесіне ықпал ететін қарым-қатынас мәдениетімен сипатталады.

Адамзат тарихында әртүрлі халықтар арасындағы өзара қатынастар туралы мәселеден күрделі, өткір әрі кілттипанды мәселені табу қиын. Тәжірбие көрсеткендей, біздің еліміз сияқты көпэтносты елдегі халықтардың өзара қатынастарының әлеуметтік нормаларын бекіту аса қиын міндет болып табылады. Жаңа қоғамның мәніне жауап беретін бірден-бір жол – халықтар достығының, республика аясындағы әрбір ұлт, ұлыс мәдениеті дамуының, олардың түбірлі мүдделерінің ортақтығының негізінде сол ұлттар мен ұлыстардың ерікті, тең құқылы ынтымақтастығының жолы [9].

Ұлттық мәселені шешу әрбір елде және барлық кезеңде мемлекеттік саясаттың негізгі құрамдас бөлігі болған, бола да береді. Қазіргі кезде саясаттанушылар ұлт мәселесін шешуде үш түрлі жолды ұсынады. Біріншісі – өзге ұлттарды ығыстыру саясатын жүргізуі. Екіншісі – ұлттық мәселелер өзінен өзі шешіледі деген үмітпен оған ешқандай көңіл бөлмеу; үшіншісі – қазақстандық үлгі. Ұлтаралық келісімдерге құрылған саясат көп тер төгуді қажет етеді. Ол халықтар арасындағы келісім мен сенімнің ауқымын кеңейтуді көздейді. Бұл бағыттағы жұмыс көпэтносты еліміз тұрғындарының конституциялық-құқықтық базасын құрудан басталады. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Ата Заңымызда бірқатар баптар осы мәселелерге негізделген. Мысалы, 39-баптың 2-тармағында «Ұлтаралық келісімді бұзуы мүмкін кез келген іс-қимыл Конституцияға қайшы деп табылады» деп көрсетілген [10].

Біздің Конституция «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып» деген сөздермен басталады. Қазақстанның даму барысында осы жолдардың маңызы өте зор және бүгін үлкен пікірталас пен қайшылықтар туғызып отырғаны жасырын емес» [11].

Ассамблея ұлтаралық бірлік пен келісімді сақтауға үлкен үлес қосты, осының арқасында тұтас алғанда жиырма жыл ішінде республикадағы, облыстағы ұлтаралық қатынастар айтарлықтай нығая түсті. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғаннан бері сессиялары шақырылып, оларда қазақстандық қоғамды одан әрі реформалауға, ұлттық келісімді нығайтуға байланысты маңызды мәселелер талқыланды. Өткен сессиялардың қорытынды құжаттары

елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға, ұлттық келісімді нығайтуға, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, Қазақстанның барлық халықтарының төлтума мәдениетін сақтауға бағытталған саясат пен бастамаларды толық қолдайды [12].

Қоғам дамуының және халықтар арасындағы тұрақты әлеуметтік-экономикалық және мәдени қатынастар орнауының нәтижесінде, қостілділік жаппай бұқаралық құбылыс ретінде көрініс беріп отыр. Өйткені, көп ұлтты мемлекетте барлық халық экономикалық және мәдени өмірге бірдей дәрежеде қарқынды түрде араласады, нәтижесінде қостілділік кеңінен таралады. Сонымен қатар, қостілділіктің таралуының тағы бір себебі – бір халықтың екіншісімен аумақтық жағынан алғанда, көршілес тұруы немесе олардың тұтас бір аумақта бірігіп өмір сүруі болып табылады [13].

Бірнеше жылдан кейін Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» кітабында: «Біз Қазақстан халықтары Ассамблеясы мысалында ұлттық қатынастардың бірегей құралын жасауымыз. Бүгінде дәл осындай беделді де өкілетті ұлттық саясаттың құралы әлемнің бірде-бір елінде жоқ» [14], – деп атап өткен.

Ассамблеяны құру заман талабынан туындады. Бұл органның пайда болуы халық арасында да, этникалық азшылық арасында да қолдау тапты. Ассамблея өз жұмысын бастағаннан кейін, этникалық азшылықтың көптеген ұлттық-мәдени орталықтары алғаш рет өздерінің тілін, дәстүрлерін жаңғыртуға және оны мемлекеттің қолдауымен жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Қазақстанда қазіргі уақытта 140 этнос өкілдері тұрады.

Қорытындылай келгенде, этносаралық қарым-қатынастың қазақстандық үлгісі елімізде саяси тұрақтылық пен бейбітшілігін сақталу жолында көптеген жұмыстар атқарып келеді. Ассамлея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия // Бас редакторы Ө. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 115 б.

2. Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Раритет», 2010. – 369-370 б.
3. ҚР ПМ. 5-н-қ., 1-т., 3378-іс. 21-п.
4. Назарбаев Н.А. Послание Главы государства народу Казахстана «Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики». – Казахстанская правда. 2008. – 7 февраля.
5. Абсаттаров Р.Б., Садыков Т.С. Воспитание культуры межнационального общения студентов. – Алматы, 1999. – 94 б.
6. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XII сессии Ассамблеи народов Казахстана // Казахстанская правда. – 2006. – 25 октября.
7. Мұқажанова А. Қазақстан халқының патриотизмі – ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізі // Ақиқат, 2010. - №2. – 12 б.
8. Сейдін Н.Б. Бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылудың басты тетіктері мен тірегі // Ақиқат. – 2007. – №2. – 4 б.
9. Арзықұлов А. Тұрақты дамудың кілті – ұлттық бірлікте // Қоғам және дәуір. – 2010. – №1. – 5 б.
10. Мұқажанова А. Мәдени құндылықтар және ұлтаралық қарым-қатынас // Қоғам және дәуір. – 2010. – №1. – 127 б.
11. Әлиев Ж. Таза қазақстандық үлгі // Егемен Қазақстан. – 2005. – 1 наурыз. – 1-2 б.
12. Айталы А. Конституционализм және ұлттық идея // Жетісу. – 2005. – 17 қараша 2 б.
13. Әбдікешова К. Ұлтаралық келісімнің үлгісі // Егемен Қазақстан. – 2005. – 18 қараша. - 2 б.
14. Бисенова Ә. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар және қостілділік мәселесі // Ақиқат.– 2010. – №6. – 95б.

Альбина СИБИРСКАЯ

*Старший научный сотрудник ГНУ «Институт экономики
НАН Беларуси», Минск, Белоруссия*

УГЛУБЛЕНИЕ ИНТЕГРАЦИОННЫХ СВЯЗЕЙ СТРАН-ЧЛЕНОВ ЕАЭС КАК МЕРА ПРОТИВОСТОЯНИЯ РИСКАМ ВАЛЮТНОЙ ИНТЕГРАЦИИ *

Аннотация. Страны ЕАЭС продвигаются по пути экономической интеграции, снимая все барьеры для свободного перемещения товаров и услуг, рабочей силы и капитала. Проблемы перехода к единой платежной единице Республики Беларусь и Российской Федерации обсуждались уже давно. Идея введения российского рубля на территории обоих государств, возникшая в 2004 году, так и не превратилась в жизнь. С началом функционирования ЕАЭС тема единой валюты стала обсуждаться уже на уровне пяти стран. Целью данной статьи является формулировка выводов о степени готовности стран-членов ЕАЭС к созданию единой платежной системы путем проведения оценки углубления экономических связей стран-членов ЕАЭС, определение наиболее оптимальной формы возможного платежного союза этих стран.

Ключевые слова: валютная интеграция, ЕАЭС, валютный союз, интеграционные связи, взаимная торговля, валюта

Альбина Сибирская
ЕАЭ-ҚА МҮШЕ ЕЛДЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ
БАЙЛАНЫСЫН ТЕРЕҢДЕТУ ВАЛЮТАЛЫҚ
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ҚАРСЫ ШАРА
РЕТІНДЕ

Аңдатпа. ЕАЭО елдері экономикалық интеграцияға көшуде, тауарлар мен қызметтердің, еңбек және капиталдың еркін қозғалысы үшін барлық кедергілерді алып тастайды. Беларусь Республикасының және Ресей Федерациясының бірыңғай төлем бірлігіне көшу

* Мақала «Казахстан-Спектр» журналының 2019 жылдың 1 нөмірінен көшіріліп басылған.

мәселесі ұзақ уақыт бойы талқыланды. Екі мемлекеттің аумағында ресей рублін енгізу идеясы 2004 жылы пайда болған жоқ. ЕАЭО жұмысының басталуымен бірыңғай валюта тақырыбы бес елдің деңгейінде талқыланды. Бұл мақаланың мақсаты - ЕАЭО мүшелдерінің арасындағы төлем жүйесін құру туралы дайындық дәрежесі туралы қорытынды жасау, осы елдердің ықтимал төлемдік одақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

***Түйін сөздер:** валюталық интеграция, ЕАЭО, валюталық одақ, интеграциялық қатынастар, өзара сауда, валюта.*

Albina Sibirskaya

DEEPENING THE INTEGRATION TIES OF THE EEU MEMBER COUNTRIES AS A MEASURE TO COUNTER THE RISKS OF CURRENCY INTEGRATION

Abstract. The EAEU countries are moving along the path of economic integration, removing all barriers to the free movement of goods and services, labor and capital. The problems of transition to a single payment unit of the Republic of Belarus and the Russian Federation have been discussed for a long time. The idea of introducing the Russian ruble on the territory of both states, which emerged in 2004, has not turned into life. With the beginning of the functioning of the EAEU, the single currency topic was already discussed at the level of five countries. The purpose of this article is to formulate conclusions about the degree of readiness of the EAEU member countries to create a single payment system by assessing the deepening of economic ties between the EAEU member countries and determining the most optimal form of a possible payment union of these countries.

Key words: *Currency Integration, EAEU, Currency Union, Integration Relations, Mutual Trade, Currency*

Введение

Страны ЕАЭС продвигаются по пути экономической интеграции, снимая все барьеры для свободного перемещения товаров и услуг, рабочей силы и капитала. Проблемы перехода к единой платежной единице Республики Беларусь и Российской Федерации обсуждались уже давно. Идея введения российского рубля на территории обоих

государств, возникшая в 2004 году, так и не превратилась в жизнь. С началом функционирования ЕАЭС тема единой валюты стала обсуждаться уже на уровне пяти стран.

Методы исследования: метод сопоставления и анализа количественных показателей, полученных при наблюдении за изучаемыми явлениями, который позволил сравнить различные данные изучаемого процесса и выявить закономерности его протекания; метод обобщения опыта путем изучения литературы, который позволил получить статистические данные, изучить нормативно-правовую базу и изучить мнение других экономистов и должностных лиц по тематике исследования, метод ретроспективного анализа изучаемых показателей стран-членов ЕАЭС.

Результаты исследований

Одной из целей ЕАЭС является создание и поддержание функционирования единой таможенной территории, на которой не применяются таможенные пошлины и ограничения экономического характера экспорта и импорта товаров, работ, услуг, за исключением специальных защитных, антидемпинговых и компенсационных мер. Для Республики Беларусь создание единой таможенной территории оказало положительные последствия: удельный вес внешнеторгового оборота со странами Таможенного Союза значительно увеличился (более 50 % от общего внешнеторгового оборота) (таблица 1).

Для Республики Казахстан, как и для остальных стран ЕАЭС создание единой таможенной территории оказало положительные последствия: удельный вес внешнеторгового оборота со странами Таможенного Союза значительно увеличился (таблица 1).

Таблица 1. Взаимная торговля стран ЕАЭС, млн долл. США

	Годы						Темп роста, %			
	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2013/ 2012	2014/ 2013	2015/ 2014	2016/ 2015
Республика Армения	-	290	351	232,9	256,2	393,9	121,0	66,4	110,0	153,7
Республика Беларусь	15182,9	17196,8	17839	16179,1	11007,8	11384,8	103,7	90,7	68,0	103,4
Республика Казахстан	7103,3	6870,3	6611,2	7155,1	5120,3	3930,2	96,2	108,2	71,6	76,8
Российская Федерация	40814,7	47060,9	43905,5	36887,6	28821,2	26804,3	93,3	84,0	78,1	93,0
Кыргызская Республика	-	625,9	542,5	637,6	399,8	445,5	86,7	117,5	62,7	111,4
ЕАЭС	63100,9	72143,9	69249,2	61183,3	45605,3	42958,7	96,0	88,4	74,5	94,2

Примечание: [5]

Начиная с 2013 года, взаимная торговля между странами ЕАЭС демонстрирует отрицательную динамику. Наиболее сильное снижение наблюдается по результатам 2015 года. Объем взаимной торговли в стоимостном выражении по сравнению с 2014 годом сократился на 25,5%. В 2016 году падение объемов взаимных поставок существенно замедлилось и по итогам 2016 года сокращение составило 5,8%.

Снижение объемов взаимной торговли обострялась и происходящими в странах ЕАЭС девальвационными процессами – обесценение валют расчетов является еще одной причиной падения цен на товары и сокращения общего объема взаимной торговли.

Анализ показывает преобладание внешней торговли с третьими странами над внутренней внутри Союза. Однако доля взаимной торговли достаточно высокая. Только в Российской Федерации и в Республике Казахстан доля взаимной торговли не превышала 25% (а в Российской Федерации данный показатель вообще не превышал 9% в анализируемом периоде) (рисунок 1).

Как свидетельство развития интеграционных процессов можно рассматривать увеличение доли продаж товаров на рынке ЕАЭС Россией (с 6,9% в 2013 году до 9,2% в 2016 году) и Казахстаном (с 7,8% до 10,7% соответственно). Доля закупок Россией на рынке ЕАЭС также возросла (с 6,4% до 7,8%). В результате доля товаров третьих стран на рынке Союза сократилась по сравнению с 2014 годом с 26% до 23,4%.




Рисунок 1. Внешняя и взаимная торговля государств-членов ЕАЭС в совокупном объеме внешнеторгового оборота, % к итогу

Примечание: [5]

В товарной структуре взаимной торговли государств – членов ЕАЭС наибольший удельный вес занимают минеральные продукты (27% объема взаимной торговли), из которых 84,8% на рынок ЕАЭС поставляет Российская Федерация. Существенные поставки машин, оборудования и транспортных средств, доля которых составила 17,9% объема взаимной торговли (55% приходится на Российскую Федерацию и 41,3% – на Республику Беларусь), продовольственных товаров и сельскохозяйственного сырья – 16,6% (53,7% приходится на Республику Беларусь и 34,9% – на Российскую Федерацию). На долю продукции химической промышленности приходится 12,4% объема взаимной торговли, из которых 60,1% поставлено Российской Федерацией.

Объем экспорта Республики Казахстан на общий рынок уменьшился на 23,5% за счет сокращения поставок минеральных продуктов на 39,2% (33,4% общего объема экспорта Республики Казахстан во взаимной торговле), продукции химической промышленности – на 28,5% (19%), продовольственных товаров и сельскохозяйственного сырья – на 10,7% (10,8%), в то время как по металлам и изделиям из них зафиксирован рост на 15,4% (25,7%).

